




18 шілде, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz


www.syrboyi.kz

САПАР



2 Сындалып кезеңнен
шыңдалып шығамыз

ЖОЛ КАРТАСЫ



4 Қала іргесіндегі
ауылдағы игілік

ТАРИХ



5 “Қазалы”
атауы туралы тың тұжырым

ҮЛГІ



8 Трактор
тізгіндеген жылдар

● ПРЕЗИДЕНТ

ҮКІМЕТКЕ ПАНДЕМИЯНЫҢ СТАТИСТИКАСЫН БІРІЗДЕНДІРУ МІНДЕТТЕЛДІ



Бұл туралы
Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаев өзінің
твиттерінде жазды.

«Үкіметке пандемияның статистикасын біріздендіру міндеттелді.

Азаматтардың денсаулығы мен өміріне коронавирустан бөлек, өкпе қабынуы да үлкен зардабын тигізіп отыр.

Пандемия ахуалы туралы барлық ақпарат қанша жерден ащы болса да, оны қоғам білуге тиіс. Жариялылық пен өзара сенім болғанда ғана, біз бірлесе отырып бұл індетті тезірек жеңеміз», – делінген жазбада.

● ЕЛБАСЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ — ЕЛБАСЫ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ МЕТАЛЛУРГ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті металлургия саласының еңбеккерлері мен ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Металлург күнімен құттықтаймын!

Осы атаулы күні біз металлургтарға – ерлік пен зор қайрат-жігерді талап ететін мамандық иелеріне, өздерінің абыройлы да ауыр жұмысына берілген еңбексүйгіш жандарға сый-құрмет көрсетеміз.

Менің өзім де домна пеші басындағы еңбекте шыңдалып, тәжірибе жинақтадым. Жұмылған жұлдыздықтай ұйымшылдықтың, өзара көмек пен нағыз достықтың шын бағасын білдім.

Металлургия – қазақстандық өнеркәсіптің жетекші саласының бірі, онда мыңдаған жоғары білікті мамандар мен басқарушылар еңбек етеді. Олардың қажырлы еңбегі

мен асқан шеберлігі еліміздің экономикалық әл-ауқатының берік негізінің бірі болып отыр.

Сіздер алдағы уақытта да Қазақстанның игілігі жолындағы өз жұмыстарыңыздың барысында кәсіби жаңа биіктерді бағындыра бересіздер деп сенемін.

Баршаныңа мықты денсаулық, табыс, бақ-береке тілеймін!

● САПАР

ТҮРҒЫНДАР САУЛЫҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Гүлшара
Әбдіқалықова Жаңақорған, Шиелі
аудандарына жұмыс сапарымен
барды.

Жаңақорған ауданына сапары барысында өңір басшысына аудандағы коронавирус індетіне қарсы атқарылған шаралар мен «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды.

Алдымен облыс әкімі Жаңақорған аудандық ауруханасында стационарлық ем қабылдап жатқан науқастардың хал-жағдайын білді. Пневмониямен ауырып жатқан науқастарға арнайы барып, жағдайларын білді. Аудан әкімі С.Мақашевқа эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін шаралар қабылдауды және аурухананың жұмысын күшейтуді тапсырды.

– Өздеріңіз білетіндей, карантин айдың соңына дейін созылды. Эпидемиологиялық ахуал күрделі. Облыс бойынша Жаңақорған ауданы коронавирус індетін жұқтырған адам саны бойынша алдыңғы қатарда тұр. Емделушілерге жақсы жағдай жасап, аудандағы ақуалды тұрақтандыруға жұмыс жасаңыздар, – деді облыс әкімі.

Жаңақорған аудандық орталық ауруханасы 2010 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде ауруханада 168 дәрігер, 803 орта буын қызметкер жұмыс істейді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аудандық ауруханаға 2 дана ИВЛ аппараты, 1120 дана кислород баллоны алынған. Қазір аудан бойынша COVID-19 вирусымен 292 адам тіркелген. Оның 230-ы емделіп шықты. Пневмониямен 236 адам тіркеліп, стационарда 176 емделуші ем алууда.

Одан кейін өңір басшысы осындағы бірқатар дәріхананың дәрі-дәрмек қоры мен бағасын тексеріп, аудан әкімдігіне дәрілік заттардың жеткілікті болуын, кәсіпкерлер



тарапынан қолдан баға көтерілмеуін бақылауға алуды тапсырды.

Сондай-ақ аудандық аурухананың ескі ғимаратында, №3 мектеп-интернатында, дене-шынықтыру және спорт кешенінде ыңғайластырып дайындалған провизорлық орталықтардың жұмысын тексеріп, аудандық аурухананың бас дәрігеріне бірқатар тапсырма берді.

– Провизорларда емделіп жатқан азаматтарға ыңғайлы жағдай жасау керек. Дәрі-дәрмек, оттегімен толық қамтамасыз етілуін қатаң бақылауға алыңыз. Үй жағдайында ем алып

жатқан азаматтардың да жағдайы бақылауда болуы керек. Қазіргі уақытта тұрғындардың денсаулығы бірінші кезекте тұр, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Науқастарды уақытылы емдеу орнымен қамтып, үй жағдайында өз бетінше ем алмай, дәрігер бақылауында болуы үшін бұрынғы 100 орын провизор стационарына қосымша 180 орын ашылып, жұмыс жасауда. Провизорлық орталықтарға 219 науқас жатқызылған. Науқастарға 89 медицина қызметкері ем жүргізуде.

2-бет.

● МОНИТОРИНГТІК ТОП

СҰРАНЫСТАҒЫ ДӘРІЛЕР ТЕЗ САТЫЛУДА

Қызылордадағы «Сенім» емханасы 25 мыңға жуық адамға қызмет көрсетеді. Биыл маусым айында есепте тұрған 640 адамға тегін антибиотик берілсе, шілденің екі аптасында бұл көрсеткіш 250 шамасында болды.

Құрамында бірқатар сала өкілдері бар арнайы мониторинг тобы емханалар мен дәріханалардың жұмысын тексеруді жалғастырды. «Сенім» ЖШС директоры Жанат Аяпованың айтуынша, эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты пневмония, тыныс алу жолдарының жіті респираторлық аурулары бойынша емхана есебіндегі ересектерге антибиотиктер, ал балаларға оған қоса ыстық түсіретін препараттар таратылуда.

– Осы күні дексаметазонға сұраныс жоғары. Бірақ ол медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіне кірмейді. Дәрі тыныс алу жүйесінің проблемасы бар, оттегі тапшылығын сезінген науқастарға стационар жағдайында беріледі, – деді бас дәрігер.

Соңғы күндері емхана қызметкерлерінің жұмысы сал-пәл жеңілдеген сияқты. Былайғы күндері 20-30 шақыру ғана қабылдайтын медициналық ұйымға өткен аптаның бір күнінде 100 шақыруға дейін түскен. Бүгінде ол біршама азайды.

– Үй жағдайында емделетін, емханаға келе алмайтын науқастарға дәрі-дәрмек жеткізу үшін арнайы бригада құрылды. Тегін дәрілік заттар туралы түсіндірме жұмыстары пациенттерге дәрігердің қабылдауына келген уақытта және арнайы жүгінген жағдайда жүйелі жүргізіліп отырады, – деді Ж.Аяпова.

Мониторинг тобы «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандарында орналасқан бірқатар дәріхананы тексерді.

3-бет.

● 19 ШІЛДЕ - МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

КОМБИНАТ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Сыр еліндегі «Шалқия» кен орнының ел экономикасындағы маңызы айрықша. Өйткені, «Шалқия» мырыш қоры бойынша әлемдегі ірі кен орындарының бірінен саналады. Мамандардың айтуынша, бұл кеніште барланған руданың қоры – 120 млн тонна.

Сб Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы».

Осындай рудаға бай кеніште кен өндіру ісі 40 жылға жуық тоқтап тұрды.

«Шалқияның» қайта өркендеуі 2014 жылы басталды. Сол жылдың шілде айында кеніште кен өндірумен айналысатын «Шалқия Цинк ЛТД» ЖШС-нің 100 проценттік үлесін «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық компаниясының сатып алу жұмыстары аяқталды. Жобаның жалпы құны 500 млн

АҚШ долларын құрайды. Оның 350 млн доллары «Еуропалық қайта құру және даму банкі» арқылы қаржыландырылады. Соңғы 3 жылдан бері аталған кен орнында инвесторлармен бірге жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, кеніште қорғасын мен мырыштың 30 жылға жететін қоры бар. Кен 800 метр тереңдіктен қазылады.

Шикізатты қазып қана қоймай, оны өндіріске жарату мақсатында кен байыту комбинаты бой көтереді.

Қуаныштысы, «Шалқия» кенішінде тау-кен байыту комбинатының құрылыс жұмыстары басталды. Айта кетейік, ауқымды жоба республикалық Индустрияландыру картасына енгізілген. 2016-2019 жылдары 39,7 млрд тенге игерілді. Биыл тағы 8 млрд тенге қаражат игерілмек. Қазір кен орнында 625 адам жұмыс істеп жатыр. Фабрика іске қосылғанда мұнда 1,5 мың адам еңбек етеді. Жылына 4 млн тонна қорғасын мен мырыш өндіріледі деп күтілуде.

Нақты кезеңде «Шалқия Цинк ЛТД» ЖШС тау-кен байыту комбинатының жобасын

бастады. Комбинатқа әлемдегі жетекші елдердің мырыш-қорғасын өндіретін сандық технологиялары енгізіледі. Өндіріс орны тоқырап қалған кезде өзге өңірлерге көшіп кеткен мамандар қайта елге оралуда. Олар жаңа технологияны меңгеру мақсатында шет мемлекеттерде біліктіліктерін арттыруда.

Айта кетерлігі, тау-кен байыту комбинатының жобасы «Еуропалық қайта құру және даму банкі» арқылы қаржыландырылады. «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішіндегі қуаттылығы жылына 4 млн тонналық кен-байыту комбинаты – «Қызылорда облысында тау-кен металлургия кешенін дамытудың жол картасына» енген 3 ірі жобаның бірі.



● МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

ЖАНЫМНАН ТАБЫЛҒАН ЖАҚСЫЛАР

Осыдан біршама уақыт бұрын ыстығым көтеріліп, мазам қашты. Қызыуым 38-39 градус болды. Жүктіліктің 32-33 аптасы болғандықтан, дереу жедел жәрдем қызметіне жүгіндім. Олар мені қалалық ауруханаға апарды. Сонда рентген аппаратына түсірді. Дәрігерлер «Сол жақ өкпе қабынуы» деген диагноз қойды. Үй жағдайында ем қабылдаймын деп шештім. Дәрігерлер арнайы дәрі-дәрмек тағайындап, жергілікті мамандардың бақылауына тапсырды. Талсуат ауылдық округі амбулаториясының дәрігері Перизат Талғатқызы мені ерекше назарға алып, үйге келіп екі мезгіл тағайындалған дәрі-дәрмекті үзбей салып отырды. Мейіркелер Г.Рахманбердіқызы, А.Әлібекқызы, Ғ.Оралбайқызы қажетті барлық ем-дом шараларын жасады.

Алғашқыда әлсіздік пен тершендік басып, табетім болмады. Үш күннен кейін ыстығым түсті. Бір апта өткен соң жағдайым жақсара бастады. Дәрігерлердің арқасында бетім бері қарады. Бұл төртінші жүктілік болатын. Сондықтан дәрігерлер назардан тыс қалдырмады. Қан қысымымды өлшеп, әлсіздікті жеңу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Имунитетті көтеретін витаминдер қабылдадым. Шүкір, күн өткен сайын денсаулығым түзеліп келеді.

Осындай қиын сәтте ақ халатты абзал жандардың еңбегінің нәтижесінде ауруды жеңдік. Бір апта ішінде дәрігерлер менің жанымнан табылды. Сондықтан дәрігерлерге, Талсуат ауылдық округі амбулаториясының ұжымына алғысым шексіз.

Расында, жұпалы индет ешкімге аяушылық танытып жатқан жоқ. Бұл кеселмен күресу үшін сақтық шараларын қатаң ұстану керек. «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтылмаған. Әрбір адам өз өміріне бейжай қарамай, жанашырына жақын болу үшін ережеге бағынуы тиіс. Сонда уақытша қиындықты да жеңіп шығамыз.

Ақмарал БӘЙІМБЕТОВА,
Талсуат ауылдық округінің тұрғыны



ТҮРҒЫНДАР САУЛЫҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Аймақта дәрі-дәрмек заттардың жетіспеушілігін жою мақсатында фармацевтикалық компанияларға 86 млн теңгеге өтінім берілген. Оның ішінде Жанақорған ауданына дексаметазон, преднизалон, ерітіндідегі аскорбин қышқылы және т.б дәрілік заттарды алуға 10 млн теңге қарастырылды. Дәрі-дәрмектер бір апта көлемінде жеткізілетін болады.

Мұнымен қоса өңір басшысы №51 орта мектептегі «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарымен танысып, бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын тапсырды.

Мемлекет басшысының тапсырмалары сапалы әрі уақытылы орындалу керек. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы өңірімізге үлкен қолдау көрсетілуде. Сол себепті бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуды қатаң бақылауға алыңыздар. Жөндеу жұмыстары сапалы жүргізіліп, пайдалануға уақытылы берілетін болсын, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жанақорған ауданына 3 млрд теңгеге жуық қаражат бөлініп, 23 жоба жүзеге асуда. Сонымен қатар, бағдарлама аясында 706 жана жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.



арнайы кездесіп, халін біліп, жұмысымен танысқан өңір басшысы бас дәрігерге емделушілерге жағдай жасап, дәрілік заттар жетіспеушілігінің алдын алуды тапсырды.

– Күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты індетпен күрес жұмыстарын күшейтуіміз қажет. Емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, дұрыс тамақтануына назар аударыңыздар. Біз үшін әрбір тұрғынның денсаулығы маңызды, – деді облыс әкімі. Мұнан соң өңір басшысы аурухананың ыңғайластырып дайындалған изоляторлық және провизорлық орталығымен танысып, мобилдік топтардың жұмысын дұрыс үйлестіруді тапсырды. Бүгінде ауданда коронавирус инфекциясы нақтыланған 167 жағдай тіркелген. Оның 98-і толық сауығып шығып, қалған науқастар ем алуда. Пневмониямен 170 наукас тіркелген. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес

аудандық аурухананың 3 қабатты ескі ғимаратында 200 орын, оның ішінде 80 төсектік изолятор, 120 провизорлық орын әзірленген.

Шиелі ауданы бойынша әр елді мекенде 17 санитарлық мобилдік топ құрылып, шақыртуларды қабылдауда. Ал, Шиелі кенті бойынша 5 мобилдік топ жұмыс істеуде. Олардың барлығына аудандық дербес бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдерінің қызметтік көліктері берілген.

Әрі қарай облыс әкімі дәріханалардың дәрі-дәрмек қорын тексеріп, процедуралық ем қабылдау бөлмелерінің жұмысымен танысты. Сонымен қатар, медициналық бетперде тігетін «Тогжан» тігін шеберханасының жұмысын көрді. Аудан әкіміне дәрілік заттардың бағасын және уақытылы жеткізілуін бақылауда ұстауды тапсырды.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес дәрі-дәрмек жетіспеушілігін жою мақсатында облыстан фармацевтикалық компанияларға берілген өтінімнің 10 млн теңгесі Шиелі ауданына бөлінген.

Бұл қаржы дексаметазон, антикоагулянттар, ерітіндідегі аскорбин қышқылы және т.б дәрілік заттар алуға жұмсалады.

Сапар барысында Гүлшара Әбдіқалықова №48 Ә.Қоңыратбаев атындағы мектеп-лицейінде «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын тексеріп, сапаға мән беруді және уақытылы бітіруді тапсырды. Аталған мемлекеттік бағдарлама аясында Шиелі ауданына 3 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 21 жоба жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ, өңір басшысы Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінде қосымша дайындалған 100 орындық провизорлық орталыққа барды. Бұл ғимарат науқастар саны көбейген жағдайда пайдаланылады. Айта кету керек, колледждің ғимаратында медициналық бетперде, халат тігетін цех та жұмыс жасауда.

● ПҚІР-ПАЙЫМ

ҚИЫН СӘТТЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Әлемді жайлаған індет бүкіл Қазақстанды, оның ішінде Сыр елін де шарпыды. Осындай шақта халық бір жағынан жақсы бастамаларға жұмылып, ұйымшылдығын да көрсетіп келеді. Үлкен де, кіші де игі істерге бірікпесідей үлес қосып, індетті жену жолында күш жұмсауда.

Ел болғасын адамның аласы да, құласы да кездеседі. Кемшілік іздейтіндер табылады. Әлеуметтік желілерде тараған облыс әкімінің Жанақорғанға сапары кезіндегі бейнекөріністен «кім неге жаяу жүрмейді?» дегенді естідім. Жұмысы қауырт басшыға бұлай талап қою орынсыз деп есептеймін.

Кез келген басшы күнделікті жұмыс жоспарын құрып, соған

сәйкес жұмыс істейді. Аймақ басшысы да билік тізгінін қолға алғалы бері Аралдан бастап Жанақорғанға дейінгі аралықтағы барлық аудан мен қаланы аралап, эпидемиологиялық ахуалды бағамдап, жұмыс барысымен танысып жүр. Гүлшара Әбдіқалықова – Сыр елінің тумасы. Туған жерге туын тіккен соң адал қызмет ету жолында жанталаса еңбектеніп жүр. Қиын-қыстау сәтте тобықтан шалмай, ол кісіге қолдау білдірсеқ дұрыс болар еді.

Аймақ ардагерлерінің, өзімнің атыман жергілікті халықты індетпен күресте ынтымақтастыққа шақырамын.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

«БІРІНДІ ҚАЗАҚ, БІРІҢ ДОС...»

Облыс әкімінің Жанақорған ауданына сапары кезіндегі келеңсіз жағдайды әлеуметтік желілерден көрдім. Бұл жерде Абайдан артық ештеңе айта алмаймын. «Адасканның алды – жөн, арты – соқпақ» дейді ол. Адаскан адамның алды өзіне дұрыс болып көрінеді. Бірақ соқпағы болатынын ескермейді. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылына ақыл қос» дейді тағы ақим Абай.

Жасы үлкен, көпті көрген деп ізімізден ерген іні-қарындастарымыз көбіне бізден ақыл сұрайды. Менің айтағым, мынадай қиын кезеңде ауызбіршілікте болуымыз керек. Онсыз да елге оңай тиіп отырған жоқ. Мұндай сәтте тырнақ астынан кір іздеп, бір-біріміздің кемшілігімізді көзге шұқып көрсеткеннен абырой таппаймыз. Бір-бірімізді түртпектеп, сыбыр-

күбірге кетсек, ақыры жақсы болмайды.

Біз әдетте «Қызылорда – қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған өлке» деп мақтанамыз. Тянь-Шаннан бастап Аралға құйып жатқан Сырдың бойы әулие-әмбиелер мекені екенін айтқанда кеудемізді қуаныш кернейді. Сыр өңірі – мәдениеттің, ғылым-білім мен әдет-ғұрыптың ошағы. «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен, істің бәрі бос» деп тағы Абайға жүгінеміз. Сондықтан сын сәтте сыр білдірмейік! Сыр елінің даңқын қолдан келгенше еңбегімізбен, адал пейілімізбен асыра берейік!

Бірлесек қана індетті жеңеміз!

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
ғалым, профессор

СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢНЕН ШЫҢДАЛЫП ШЫҒАМЫЗ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет жұмыс сапарымен Қармақшы ауданы және Байқоңыр қаласында болды. Сапар барысында дәріхана қызметінің тыныс-тіршілігіне зер салып, ауруханалардағы жағдаймен танысты.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Төратам кентіндегі емхананың ел игілігіне айналғанына биыл жеті жылға жуықтады. Медициналық мекеме бір сәтте 150 адамды қабылдауға арналған. Емдеу орнында ақ желенді мамандық иелері қатерлі індетпен күрес бағытында белсенді ісімен көзге түсіп келеді. Мұнда мобилдік топ жұмысы да жолға қойылған.

Кенттегі «Арзан-фарм» дәріханасы көпшілік тарапынан үлкен сұранысқа ие дәрі-дәрмектермен уақытылы толықтырылып отырады. Оларды кезі күн сайын тапсырыспен алдырады. Қазір ешқандай тапшылық жоқ. Соңғы екі-үш күнде ұзын-сонар кезек байқалмайды. Бағасы қол-жетімді. Облыс әкімінің орынбасары мамандарға баға тұрақтылығына назар аударып, дәрі тапшылығын болдырмауды тапсырды.

Бұдан кейін С.Ахмет Байқоңыр қаласына келіп, қала әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесті. Мұндағы көбейінді ауруханада індет жұқтырған азаматтармен жүзесті. Ауруханаға облыс әкімінің тапсырмасымен фармкомпаниялар есебінен өкпені жасанды желдететін 1 аппарат жеткізілді. Алдағы аптада тағы біреуі әкелінеді. 2007 жылы пайдалануға берілген Байқоңыр қалалық көбейінді ауруханасында 65 дәрігер, 243 мейірбике жұмыс істейді.

Аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Ержан Игенбаев онда атқарылып жатқан жұмыс барысымен таныстырды, аурухана ұжымы білікті дәрігерлермен толыққанын айтты.

Бұдан кейін облыс әкімінің орынбасары Төратам ауылдық ауруханасының, Ақай ауылындағы провизорлық стационардың жай-күймен танысты. Емдеу орындарындағы жұмыс барысын саралаған ол

аудан әкімі Мұса Қалдарбековке және бас дәрігерлерге дәрілік заттар жеткілікті болуы тиіс екенін, сондай-ақ, кәсіпкерлердің бағаны қолдан көтермеуі керектігін атап айтты.

Төратам ауылдық ауруханасы 60 төсек-орынға лайықталған. Бұл жерде кадр тапшылығы жоқ. Сақтық шаралары назарда, арнайы фильтрлік кабинеттермен жабдықталған.

Пайдалануға берілгеніне биыл отыз жылға жуықтаған аудандық бөлек кітапханасы ғимаратында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында қолға алынған. Жоспар бойынша жөндеу 31 тамызға дейін толық аяқталуы тиіс. Серік Ахмет құрылыс басында мамандармен кездесіп, оларға бөлінген қаражатты тиімді пайдалануды тапсырды.

Аудан әкімі Мұса Қалдарбеков «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқан іс-шаралар барысын өңгімелеп берді. Оның айтуынша, жобалар тізіміне бірнеше нысандарды қайта жаңғырту мен жөндеу жұмыстары енгізілген. Нәтижесінде ауданда 382 тұрғын еңбекпен қамтылды. Ендігі кезекте қайтарымыз гранттар мен шағын несие алған кәсіпкерлер тарапынан жана жұмыс орындарын ашу жоспарланып отыр.

Қармақшы ауданында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 567 млн теңгені құрайтын 29 жоба жүзеге асырылуда. Облыс әкімінің орынбасары келесі кезекте аудан орталығындағы «Кенебаева» жеке кәсіпкерлігіне қарасты дәріханада болды. Мұнда дәрілер, оларды ауыстыратын препараттар бар. Тұрғындар сұранысына сай қор екі күн сайын толықтырылады.

С.Ахмет қажетті дәрілік заттармен аудан орталығындағы, ауылдардағы дәріханаларды қамтамасыз етуді тапсырды.

Сапар одан әрі аудандық емханада жалғасты. Бүгінде ауданға қарасты елді мекендерде 6 дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік- акушерлік пункт, 6 медициналық бекет елге қызмет көрсетеді. Олар алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмектермен толық қамтылған. Ал ауылдардағы жағдайы ауыр науқастар аудан орталығындағы ауруханаға жеткізіледі.

Осы жерде облыс әкімінің орынбасары инфекциямен күресуге көмек көрсеткен еріктілермен, демеушілермен кездесті. Ерікті жастар беттерде тигуді қолға алып, 2 мың данасын тұрмысы төмен отбасылар мен көпбалалы аналарға таратты. Сондай-ақ ерікті жастар аудандық ауруханадағы науқастарға кислород баллонын тасымалдауда да белсенділік танытуда.

Сындарлы кезеңде демеушілік көрсеткен азаматтар қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов, Шығыс Қазақстан облысының прокуроры, осы ауданның тумасы Бағбан Тәйімбетов және Рзақұл Нұртаев бар.

Волонтерлермен кездесуден кейін облыс әкімінің орынбасары аудандық орталық ауруханадағы науқастардың жағдайын білді. Емделушілердің халін жіті бақылап, толық ем-дом жасауды тапсырды.

– Қазірде ел арасында пневмония, тұмауға шалдыққан науқастар көбейді. Сондай-ақ, коронавирус инфекциясына байланысты тұрақсыз жағдай қалыптасып отыр. Мұнда 7 дана өкпені жасанды желдету аппараты, 4 дана оксигенатор бар. Осыған орай қосымша 150 төсек-орынға қажетті құрал-жабдықтар, дәрі-дәрмектер мен дезинфекциялық препараттар қоры дайындалды. Бұл жағдайда қызмет көрсететін мамандарды жасақтау үшін мамандығы басқа дәрігерлерді қайта даярлау ойластырылуда, – делі аудандық аурухананың бас дәрігері Бақытжан Нысанбаев.

Бүгінде ауданда 367 адам пневмонияға шалдықса, оның 286-сы дертінен айықты.

– Бұл – өте жауапты кезең. Қатерлі індеттен ем алып жатқан науқастарға бәрінен қолайлы жағдай туғызудымыз керек. Оған қоса үйінде емделіп жатқан азаматтар да бар. Олардың барлығы бақылауда болсын. Қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету басты назарда ұсталуды керек. Қай кезде де ауыр жүкті жұмыла көтерген халықпыз ғой. Бұл сын сәтте де сыр бермей, ауызбіршілігімізді көрсете білейік. Осы орайда алғы шептегі ақ халатты абзал жандарға ризашылығымыз шексіз. Сондай-ақ, қысылтаяң уақытта демеу болған азаматтарға алғыс айтамыз, – делі Серік Ахмет.

Сапар соңында облыс әкімінің орынбасары аудандық аграрлы-техникалық колледжіндегі ұйымдастырылған карантиндік стационарға барды. Онда жұмыс барысымен танысып, санитарлық-профилактикалық талаптардың орындалуына назар аударды.

Жұма күні облыс әкімінің орынбасары Серік Ахметтің жұмыс сапары Жалағаш және Сырдария аудандарында жалғасты.

Бұл туралы газетіміздің келесі нөмірінен оқи аласыздар.

ЭКОНОМИКА ПОПУЛИСТІК МӘЛІМДЕМЕНІ КӨТЕРЕ АЛМАЙДЫ

Экономика өзінің табиғи болмысы бойынша тиісті заңдылықтарға бағынады. Егер ол заңдылық бұзылса, бүтінгі тыныс-тіршілігімізге кері ықпал жасайтын жағдайлар қалыптасуы мүмкін.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде ақылға сыймайтын мәлімдемелер жасалуда. Кейбір қоғам белсенділері халықтың бүгінгі ашу-ызасын өз мүддесіне пайдаланып, Үкіметтен халықтың бағынған несиелеріне кешірім жасауды талап етуде. 2019 жылы Президенттің отбасы жағдайларының төмендеуіне байланысты бірқатар азаматтардың несиелеріне кешірім жасағаны мәлім. Бірақ Мемлекет басшысы бұл акцияның бір реттік екенін мәлімдеп, несие беруші қаржы ұйымдарының халыққа қарыз беруге қатысты талаптарын бұрынғыдан қатайтқан еді.

Мәселенің байыбына көз жеткізу үшін біз бірқатар цифрларға талдау жасауды жөн көрдік. 2020 жылдың басында 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қазақстандықтардың жалпы несие көлемі 22% өсіпті. Өрине, осының барлығы – пандемия әкелген зардаптың алдындағы көрсеткіш. Соңғы уақытта жағдайдың біршама күрделі сипат алғанын ескерсек, бұл цифр айтарлықтай өзгерді дей алмаймыз. Себебі халық міне, 3 айдан бері толық көлемде еңбек етіп, материалдық игілік өндірімеген соң берілетін несие-нің көлемі де оншалықты көп болмағанын айтқымыз келеді.

Қаржы сарапшыларының пікірінше, қазір заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың банктерге жалпы қарызы шамамен 25 трлн теңгеден сәл асады. Бірақ кейбір сарапшылар оның көлемі біршама төмен екенін атайды. Қазақстанның Ұлттық банкінің ресми дерегі бойынша қазақстандықтардың жыл басындағы несие қарызы шамамен 14 трлн теңгеден астам көлемді құрайды. Цифрлардың біршама алшақтығына аландаудың реті жоқ, себебі бізде қаржы беретін ұйымдар көп болғандықтан, олардың кейбір деректері жалпы көлемге енгізілмеуі әбден мүмкін.

Қазақстан экономикасына қатысты тағы бір қызықты деректерді назарларыңызға

ұсынғымыз келеді. Еліміздегі экономикалық белсенді халықтың саны – 9,2 млн, олардың ішінде несие алғандар – 7,4 млн адам. Несиемен қамтамасыз етілмеген адамдардың саны 1,7 млн адамды құрайды. Бұл ересек, яғни экономикалық белсенді халықтың 19%-і. Жыл сайын несие алу нарығына жаңадан 500 мыңнан астам заем иелері қосылатын көрінеді. Сарапшылардың пікірінше, халықтың несие алуға деген тәбеті бұрынғыдан өзгерген. Жана заем иелерінің орташа несиесі бар болғаны 300 мың теңгені құрайды.

Қарап отырсаңыз цифрлар оншалықты көңіл көншітетіндей деңгейде емес. Демек, қазақстандық экономиканың белсенді халық санының 80%-і қарызға өмір сүруде. Бірақ сол халықтың қарызды қайтару қабілеті қандай деңгейде деген сұрақ барлығынан маңызды. Бұл, әлбетте, дағдарыс жағдайында күрделі түйінге айналды. Осы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша несие-нің қайтару мүмкіндігіне қатысты деректер біршама алаңдата бастады. Бірақ, бұл біздіңше, тиісті онды шешімдер қабылданса, таяу болашақта өзінің түйтікілін табатын мәселелер қатарына жатады. Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп азаматтардың несие төлеу мерзімін кейінге шегерсе, бұл экономикадағы тұрақтылықты сақтап қалуға үлкен ықпал жасайды.

Ал несие-ні кешіру деген популистік шешім экономиканы барлық жағынан тұралатып тастайтындығын түсіну үшін көп ақылды болудың қажеті шамалы дегіміз келеді. Біз, ең алдымен, нарық жағдайында жұмыс істеп, өмір сүріп жатқанымызды сезініп, көр-пемізге қарай күсініп, дұрысы, халық көктем түсетін әлдебір мырзашылыққа алаңдай бермей, орынсыз несие алудан бас тартуға дағдылануы абзал дегім келеді. Алдағы уақыт қаласаңыз да, қаласаңыз да сізден осыны талап етеді.

ТАҒЫМ

«ЕМДЕЛУШІЛЕРДІ ЖІГЕРЛЕНДІРІП ЖҮРЕТІН»

Коронавирус адамзатқа үлкен сынақ болды. Әлем халқы соңғы бір ғасырда мұндай ауыр жағдайды бірінші рет бастан өткеріп отыр. Өкініштісі, пандемия кезінде індет құрығына ілінгендер мен қайтыс болғандар арасында ақ халаттылар да бар. Қызметтік міндетіне асқан жауапкершілікпен қарап, адам жанының арашашысына айналған олардың еңбегі ерекше.



енгеннен бері дамыл көрмеді. Беймәлім вирус көрінбейтін жау секілді. Қай тұстан келетініне мәлім жоқ. Бірақ дәрігер берген антынан айнымады. Ақ халатты абзал жан деген атына кір жұқтырмады.

— Іскендір зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстады. Ораза ұстап, намаз оқитын. Айналасына сыйлы, әріптестерінің арасында абыройлы еді. Кәсібіне адалдығы шығар, жұмыстан орынсыз қалып көрген емес. Көп ауырған жоқ. Жотел қысып, дене қызуы көтерілген соң ауруханаға жатқан. Ауруы асқынып, жан сақтау бөлімінен бір-ақ шықты. Ұлымызды жоғалту — біз үшін орны толмас қайғы, — дейді марқұмның әкесі.

І.Жұмағазы — төрт қыздың әкесі. Олар бүгінде өмірден өз орындарын тапқан. Бір әулет асқар тауынан айырылса, ауданның медицина саласы білікті дәрігерді жоғалтып отыр.

— Жұмысқа тиянақты, өте жауапты болды. Нағыз маманымыздан қапыда айырылып қаламыз деп ойламадық, — дейді ауданаралық аурухананың бас дәрігерінің міндетін атқарушы Бақытгүл Әлішева.

Салада отыз бес жылдан астам тәжірибесі бар І.Жұмағазы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

Назерке ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

СҰРАНЫСТАҒЫ ДӘРІЛЕР ТЕЗ САТЫЛУДА

Топ мүшелері баға тұрақтылығы мен дәрі мөлшерін бағамдап көрді. Белгілі болғандай, микробқа, вирусқа қарсы және ыстық түсіретін дәрілерге сұраныс әлі жоғары. Сол себепті дәрі-дәрмек сөреге түскен бойда сатылып кетіп жатыр. Сейсенбіден бастап қор толығы бастады. Әйтсе де, эуфиллин, дексаметазон, преднизолон, меропенем, В1, С витаминдері, умифеновир сияқты препараттар тапшы.

— 8 шілдеден бастап жұмысын бастаған мониторинг тобы 6 медициналық ұйым мен 40-тан астам дәріхананы аралап көрді. Дәріханаларда бұрынғыдай ұзын-сонар кезек жоқ, — дейді Ғалима Азирова.



және өзге де жаңа препараттармен толықпақ. Нұрбол Кәукейдің Абай көшесінде орналасқан дәріханасында анаферон, тизин, анальгин, цефазолин, цефтриаксон бар. Кардиомагнил, анаферон, тромбас препараттары бүгін сатылымға шықпақ. Диагностикалық орталықтағы «Фарматека» серіктестігіне қарасты №7 дәріханада да парацетамол, С витамині жоқ. Алайда, амоксилав, левифлоксацин таблеткалары сатылымда. Абай көшесіндегі «Lab Service Company» ЖШС-ның дәріханасына да кеше жаңа дәрі-дәрмектер түрі жеткізілді. Оның ішінде глюкоза, эуфиллин, дексаметазон, кардиомагнил, натрий хлорид пен тромбас бар.

— Қалада фармацевтикалық қызметпен 178 дәріхана, дәріханалық пункт айналысады. Олардың қызметін мониторингтік топ қадағалауда. Құрамында облыстық денсаулық сақтау басқармасы, экономикалық тергеу департаменті мен кәсіпкерлік және туризм басқармасы, фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту ассоциациясы мен үкіметтік емес ұйым өкілдері бар топ бүгін де бірқатар дәріханаларды аралап, кезекті бақылауды жүзеге асырды. Шара алдағы уақытта да жалғасады, — деді облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Ғалима Жақсылыққызы.

Сонымен қатар сала маманы күні кеше қаладағы «Жанерке Фарм» дәріханалар желісіне бөлшек саудада өткізу үшін 17 сауда атауындағы дәрілік заттың гроприносин, глюкоза, амбро, мильгамма, аскорбин қышқылы, омепразол және тағы да басқа дәрілердің 396 қорабы келіп түскенін хабарлады.

«СБ» ақпарат

БІР МҰРАТ ЖОЛЫНДА БІРІККЕН

Елді індет жайлаған уақытта әр азаматтың көмегі маңызды. Ауыр жағдайды еңсеріп, кеселді жеңіп шығу үшін ел болып бірігіп, қолдан келген көмек көрсетіліп жатыр. Кәсіпкерлер, жүрегі жомарт жандар ауруханаларға қаржылай көмек көрсетуде. Жақсылыққа жаны құмар іскер азаматтар қайырымдылық шараларына белсене қатысып, тұрғындарға көмек қолын созуда.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Зәулім ғимараттар салып, қала көркін келтірген құрылысшылар да бұл істе қарап қалмады. Қиын сәтте бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қайырымды істерге қолдау білдірді. Қаражат жинап, өкпені жасанды желдету аппаратын алуға көмектесті.

Құрылыс саласында өзіндік қолтанбасы бар компанияның бірі — «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС салған көптеген тұрғын үй, аурухана, мектеп, балабақша ел игілігіне берілді. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама аясында аудандар мен елді мекендерде ауызсу жүйелерін жаңғыртып, қайта қалпына келтіру және күрделі жөндеу жұмыстарын атқарып келеді. Мекеме басшысы Әбдімәжит Жансакалов қайырымдылық — қадірлі іс дейтіндердің қатарынан. Көпбалалы, аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қамқорлығына алып, көмек беруді дағдыға айналдырған. Елімізде төтенше жағдай енгізілген кезде де қаншама отбасына жәрдемдесті. Елдің алғысын арқалаған азамат коронавируспен қатар пневмония, тұмау өршіген кезде медицина саласына көмек ретінде 1 млн теңге аударып, 2 өкпені желдету аппаратын алуға септігін тигізді.

— «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп бекер айтылмаған. Қиын сәтте бір-бірімізді демеп, қолдау білдіргеніміз жөн. Әлемде болып жатқан жағдай ешкімді бейжай қалдырған жоқ. Қиындықты артта қалдыру үшін өз үлесімізді қостық. Мекеме мұндай шараларға жыл сайын қатысып отырады. Біз қолдан келгенше көмегімізді аямаймыз, — дейді ол.

«Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-да 200-ден астам қызметкер еңбек етеді. Биыл сол жағалаудан көпқабатты 50 пәтерлік тұрғын үйді пайдалануға берді. Шілде айының соңында сол жағалаудан тағы 2 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, мекеме абаттандыру жұмысымен де айналысады.

Қайырымдылыққа атсалысқандардың тағы бірі — «Орион LTD» құрылыс компаниясы. Мекеме балабақша, мектеп, тұрғын үй, мәдениет үйлері мен өзге де нысандарды салып, пайдалануға берді. 40-тан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Биыл Қазалы ауданында балабақша мен тағы бір нысан құрылысын жүргізіп жатыр. Бұл ғимараттар жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Өзгеге көмектесу — азаматтың жомарттығы дейтін мекеме басшысы Шалқар Жанабергенов жақында медицина саласын қолдау үшін 1 млн теңге ақшалай көмек көрсетті. Қайырымдылық шараларын кәсіп бастағалы бері жалғастырып келеді.

— Кісінің айналасындағы адамдарға танылатын қыры қаншалықты қайырымды екендігінен байқалады. Адам ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулу керек. Сонда жүрегінде иманы бар жастар қатары артады. Осындай қиын кезеңде бір-бірімізді қолдап, көмек қолын созу орынды деп есептеймін. Бұл жағдайды уақытша сынақ деп қабылдағанымыз жөн болар. Қалыпты өмірге оралатын күн алыс емес, — дейді кәсіпкер.

«Қызылорда Жоба Құрылыс» мекемесі де құрылыс саласында

қарқынды жұмыс атқарып келеді. Көппәтерлі тұрғын үй, балабақша, аурухана салып, халық игілігіне беруде. Құрылыс мекемесінің басшысы Данияр Сұлтанбеков қайырымдылық шараларынан қалыс қалған емес. Осындай қиын сәтте қолындағы барымен бөлісуді азаматтық борышым деп санайды. Ол құрылысшылар жинап жатқан қаржыға 502474 теңге аударды.

Өзгенің ауыртпашылығын жеңілдету — адамдық қасиеттің ең ұлысы. Бастысы, құрылысшылар жаһанды жайлаған індет кезінде медицина саласына, дәрігерлерге және жұмыссыз, әлеуметтік жағдайы күрт төмендеп кеткен жандарға көмек көрсете беретіндерін жеткізді.

Сыр өңіріндегі құрылыс саласында өз өрнегін қалыптастырып үлгерген «Нұр-Талап және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Қанатбек Керейтбаев қызылордалық кәсіпкерлермен ойласа отырып, кейбір емдеу орындарына өкпені жасанды желдету аппараттарын алып беру жөнінде ортақ шешімге келді.

Жалпы, кез келген қиындықты ауызбірлік, татулық пен сабырлы қалпымызда жеңеміз ғой. Халқымыз талай зұлмат пен нәубетті көзімен көрді. Ағайынның ауызбірлігі арқасында сол зобалаң жылдарды артта қалдырды. Бұл күндерден де аман-есен өтеміз. Бізді алда жарқын, жаймашуақ уақыт күтіп тұр. Сондықтан сын сәтте жергілікті кәсіпкерлер дәрігерлерге қолдау білдіріп, қол ұшымызды созулды міндет деп сандық, — дейді серіктестік басшысы Қанатбек Керейтбаев.

«Нұр-Талап және К» серіктестігі 2008 жылдан бері облыстың құрылыс саласында жемісті еңбек етіп келеді. Бүгінде Қызылорда қаласында көптеген әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне атсалысты. Сол жағалаудағы тұрғын үйлерді салды. Облыс аудандарында да қаншама ғимараттың бой көтеруіне көңіл бөлді. Сондай-ақ, қазір қызмет аясын кеңейтіп, Батыс Қазақстан облысында да тұрғын үйлер салуға үлес қосып отыр.

КӨРШІ ЕЛДІҢ КӨМЕГІ

Өзбекстанның Қазақстанға жолдаған гуманитарлық көмегінің біздің облысқа тиесілі бөлігі жеткізілді. Кеше «Ақниет» ЖШС арқылы 120 мыңға жуық бір реттік қолғап пен 50 мыңнан астам беттерде әкелінді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Осы кезге дейін облысқа Қытайдан көмек жеткізілген болатын. Тауу күндері ДДСҰ ұйымдастыруымен Ресейден де гуманитарлық көмек келеді деп күтілуде.

— Әлемді алаңдатқан пандемияға байланысты мемлекет тарапынан ауқымды ұйымдастыру шаралары жүргізілуде. Барлық емхана, дәріханаларды дәрі-дәрмекпен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету

жұмыстары іске асуда. Қазір облыстағы емханалар мен ауруханаларда жеке қорғаныш құралдары мен дәрі-дәрмек қоры жеткілікті. Гуманитарлық көмек тұрғындарға тиімді жеткізілуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органдары, ҰЕҰ, БАҚ өкілдерімен бірге бақылау жүргізетін боламыз. Гуманитарлық көмектің үлкен саяси мәні бар. Жуырда көршілес Қытайдан келсе, енді тарихымыз, тамырымыз үзілмеген Өзбекстаннан

жеткізілуде. Қай кезде де қиындық елді қиыстырады. Таласқаннан емес, жарасқаннан бірігеміз. Сондықтан мұндай уақытта біріге отырып, індетті жеңіп шығамыз, — деді облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов.

Шетелден келген көмектің емдеу нысандарына дұрыс жеткізілуі де қатаң бақылануда.

— Гуманитарлық көмек диттеген максатына жетуі керек. Халықтың денсаулығы үшін достық мемлекеттердің көмегіне ризашылық білдіреміз. Тиісті мекемелерге жетугін қадағалауды аяғына дейін жүзеге асыратын боламыз, — деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ТЕГІН ЖАНАРМАЙ

Эпидемиологиялық ахуал күрделенген сәтте жедел жәрдем қызметінің маңызы артқаны белгілі. Коронавируспен күресте алдыңғы шепте еңбек еткен құрылымға қызылордалықтардың алғысы ерекше. Осы орайда «Қызылорда мұнай өнімдері» ЖШС аймақтағы емдеу мекемелерінің жедел жәрдем көліктеріне тегін жанар-жағармай құйып беруде.

Серіктестік өз есебінен облыстағы ауруханалар мен емдеу мекемелеріне 50 мың литр АИ-92 маркалы бензин үлестіруді қолға алған. Жедел жәрдем көліктері серіктестік теңгеріміндегі кез келген жанар-жағармай бекетінен тегін сұйық отын алады. Ол

үшін қызметтік көлік номері мен жүргізушінің жеке басын анықтайтын құжат болса жеткілікті. — Әлемді әбігерге салған індетпен күрес — адамзатқа ортақ міндет. Қазір аудандар, Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлесіп, қызметтік көліктердің номері нақтылануда.



Серіктестік мамандары мен құзырлы мекеме өкілдері заңсыздық орын алмауын қадағалайтын болады, — дейді «Қызылорда мұнай өнімдері» ЖШС коммерциялық директоры Әлімжан Махамбетов.

Қазіргі таңда сұйық отынның аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінісі нақтыланған. 50 мың литр бензиннің 20 мың литрі аудандарға таратылса, қалған бөлігі Қызылорда қаласындағы жедел жәрдем көліктеріне үлестірілмек.

Аталған көмекке жедел жәрдем қызметкерлері де ризашылық білдірді.

— Індеттің асқынуы салдарынан күнделікті шақырту саны артып, жұмыс режиміне өзгеріс енді. Сәйкесінше, қызметтік көліктің тұтынатын сұйық отын көлемі көбейді. Бұрын күніне 40-50 литр бензин пайдалансақ, қазіргі таңда 80-90 литрге дейін өсті. Сондықтан, бұл айтарлықтай жеңілдік, — деді «Қызылорда облыстық жедел жәрдем стансасы» МКК жүргізушісі Ерлан Өмзе.

Айта кетейік, «Қызылорда мұнай өнімдері» ЖШС — нарықта 20 жылға жуық тәжірибесі бар мекеме. Қазіргі таңда серіктестік облыс аумағындағы бюджеттік мекемелердің 70 процентін сұйық отынмен қамтамасыз етуде. Аймақта мекеменің 20 май құю бекеті орналасқан.

Ерсін БАЛТАБЕКҰЛЫ



● АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Қала іргесіндегі ауылдағы игілік

Қаламен іргелес жатқан Ж.Маханбетов ауылына ат басын бұрған боларсыз?! Аты ауыл демесеңіз, шаһардың ізін басып, даму даңғылына түскен елді мекен. Шалғайдағылар облыс орталығына көшін бағыттаса, алдымен осында келіп бір демін алады. Соңғы кездері Ақсуат ауылдық округінде халық саны едәуір арта бастаған. Тұтынушылар қажеттілігіне орай қалада бардың бәрі осында да отау тікті. Тек Арал мен Жаңақорған арасындағы жалпақ жұрттың басы қосылатын базарлар жоқ демесеңіз, қалғанының бәрі бар.

Мұнда «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүйелі жүзеге асып жатқан соң, құрылыс жұмыстарының аужайын байқап қайтқан едік.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

Қырық жылдан бергі жөндеу

Ауылдағы №143 орта мектеп 40 жылдан бері күрделі жөндеу дегенді бастан өткеріп көрмеген. Осы күні елге белгілі дәрежеге жетіп, Алтай мен Атырау арасында еңбек етіп жүрген талай тұлғаның оқушы күндері осында өтті. Күні кеше өмірден өткен ұлағатты ұстаз Батырхан Остаетың да саналы ғұмыры осы мектеп қабырғасында сырғыды емес пе?! Талай шөкірт қанаттанды. Ұядағы сарыауыз балапаннан қияда қанат қакқан қыранға айналды. Қабырғаға тіл бітсе, таңды таңға ұрып, талай сырды ақтарып салар еді-ау. «Ауыл – ел бесігі» жобасының биылғы нысанасына осы мектеп те енгізілді. Дәлірек айтсақ, Ақсуаттан белгіленген ұзын-сонар тізімнің көш басында.

– Бәріміз осы мектепте білім алдық. Есейіп, ер жеттік. Қабырғалары көнеріп, едендерінің тозығы жетті. Есік-терезелерді ашып-жапқан сайын жанымыз шығып отыратын. Мемлекеттік бағдарламалар жоғымызды бүтіндеп, барымыздың шырайын шығаруға сеп болып жатыр. Мына қабырғалар жанарып, заманауи есік-терезелер салынуда. Еден де толық алынып тасталып, жандасы төселеді, – деді ауыл әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаев.

Бүгінде жөндеу қарқын алған. Ғимарат ішіне кіргеннен-ақ, әжептәуір жұмыс қолға алынғаны байқалып тұр. Жобаның негізгі мақсаты да сол – бір ауылда не мәселе бар, соның бәрін шешуге атсалысу. Мердігер «Мұнай құрылыс» ЖШС мекемесі таланттарды түлеткен білім ошағының жанаруына барын салуда.

Қазір ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Есік-терезе ауыстырылған. Жылу жүйесіне де жаңа құрылғылар орнатылып, қыстың қытымыр аязына сакадай сай тұр.

Ғимарат сыртынан қарағанда сонау кеңестік кезеңнің құрылысы екенін жазбай тануға болады. Сол кезеңнің көп қолданылатын силикат кірпішінен салынған білім ошағының стилі де сол дәуірде салынған мектептермен сәндес. Жоба бойынша сырты сайдинг материалдарымен жабылады. Бұл жұмыс әлдеқашан басталып кеткен. Қазір бірнеше қабырға жабындының астында. Жақында осы елді мекенде балабақша іске қосылған. Жаңа ғимарат емес, бірақ заманауи үлгіге айналдырып, көне ғимаратты толық жөндеуден өткізді. Бүгінде қатарлас балабақшалардың алды. Ғимарат үлгісі де көздің жауын аларлықтай. Білім ошағы да сол әсем кейіпте болады деп күтілуде.

– Балабақшаны көрсеңіз, мектептің сырты да сайдингпен қапталады. Әдейілеп ашық түсті таңдадық. Өйткені, сонадайдан көзге түседі әрі адамға көңіл-күй сыйлайды. Балалардың сапалы білім нәрімен сусындауы үшін барлық жағдайды жасаудамыз. Білімге салынған қаржы – болашаққа салынған инвестиция. Міне, сондықтан олар заманауи, барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген жерде оқуы керек, – дейді ауыл әкімі.

Білім ошағын күрделі жөндеуге 153 млн теңге қаражат қаралған. Қырық адам жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде 8 адам жұмыссыздар арасынан алынған. Сыртқы жұмыста да біраз адам еңбек

етіп жүр. Қажетті құрал-жабдықтар мен қауіпсіздік ережесі қатаң сақталған. Сайдинг қаптаушылардың бірі – Рахметулла Нағашыбаев.

– Осы салада еңбек етіп, күн сайын жаңа нәрсе үйреніп келемін. Сайдинг қаптаудың артықшылығы көп. Біріншіден, ғимаратқа әр беріп тұрса, екіншіден, жыл сайын әрлеу жұмыстарының шығынынан арылтады. Оның үстіне, біз желді аймақта тұрамыз. Желден қалқан болып, жылулы сақтауда да пайдасы зор, – дейді Р.Нағашыбаев.

сып, 6 шәкірт үздік аттестатқа қол жеткізсе, тағы 6 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды.

Жол қадірін жүрген білер

Ақсуатта жол мәселесі талайдың шымбайына батып жүрген. Көлік жүрсе, ақ шаңы аспанға көтеріліп жатқан көше көп. Бюджеттен бөлінген қаржыға осындай ақсап тұрған тұстар жөнделеді. Бірақ, жолдан да басқа түйткіл көп. Оларды да тарқату керек. Мұндайда

әрі уақытты қолданысқа беруіміз керек. Мекемеде 16 адам жұмыс істейді. Жергілікті тұрғындар арасынан 14 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Қай жерде жұмыс істесек, сол жердің халқына барынша септігіміз тигенін қалаймыз, – дейді «Набат-2000» ЖШС директорының орынбасары Ғабиден Боранқұлов.

Бұл көшелерді жөндеу жұмыстары бірнеше бағдарлама бойынша жүзеге асуда. «Ауыл – ел бесігі» жобасы, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы және қалалық

Айта кетейік, «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша биылға 8 елді мекен таңдалып, оларда 52 жоба жүзеге асырылмақ. Оның 32-де көшелерді жөндеу мақұлданған. Ауылдардағы 68 мың халық осы жобаның шарапатын сезінбек. Барлығы 138 жұмыс орны ашылса, оның 21-і тұрақты, яғни, алдымен ауылдағы ахуалды қалыпқа келтірсе, екіншіден жұрттың екі қолына бір күрек ұстатып, еңбектің нанын татқызатын. Биылғы жұмыс көлемі осындай.

– Мәселен, ауыл әкімі бізге ұсынысында тек жол туралы немесе бір нысанды жөндеуді айта алмайды. Біз бір ғана жоба үшін ауылдарға бармаймыз. Ондағы барлық мәселені кешенді қарастырамыз. Сосын ол ауылға бірнеше жыл бойы ат ізін салмауымыз керек. Президент пәрмені де осындай. Елдегі барлық мәселені шешіп алу – сол ауылдың әкімінің іскерлігіне байланысты, – дейді облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Алмағұл Нұрасылова.

Ақсуатта құрмеуі қиын болған білім ошағы мен жол мәселесі осылайша жоба бойынша шешім табуда. Десе де, елді мекенде қазір бұдан бөлек ауыз су, жарықтандыру жұмыстары да жанданған. Мәселен, ауылдың жаңадан қоныстанушы тұрғындарын ауызсумен қамтудың 2018-2020 жылдарға арналған жоспарына сәйкес, «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Биыл құрылысты аяқтап, іске қосуды жоспарлауда. Ал жарықтандыру кезең-кезеңімен іске асып келеді. Жаңадан қоныстанушы тұрғындар орналасқан 14 көшені электр жүйесімен қамту мақсатында облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа жоба-сметалық құжаттар әзірленген. Сонымен қатар, 5 көшені түнгі жарықпен қамту мақсатында құжаттар дайындалып, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына өтінім жолданды.

Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



«Наурыз» саяжайындағы №268 орта мектеп-лицейінің алдынан балаларға арналған спорт алаңқайы салынып жатыр. Бұған қалалық бюджеттен 7 млн 800 мың теңге қаражат қаралған. Спорттық тренажер алаңын мердігер «ПолиСтрой-Проект» ЖШС салуда.

– Бұл жерде 14 түрлі ойын құралы орнатылады. Балаларға қажетті жабдық. Осы маңай тұрғындары мен мектеп оқушылары уақытын тиімді өткізуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға әрі бұқаралық спортты дамытуға жақсы мүмкіндік, – дейді М.Сейтжаппарұлы.

Айта кетейік, 2019-2020 оқу жылында ауылдық округтегі №143 орта мектеп пен №268 мектеп-лицейін бітіруші 40 оқушының 35-і ҰБТ-ға қаты-

«Ауыл – ел бесігі» жобасы оң ықпал етуде. Аталған елді мекенде жоба бойынша 16 көше жөнделіп жатыр, ал қалалық бюджеттен 2 көшенің орташа жөндеуден өткізілуіне қаржы бөлінген. Өткен жылы да бұл салада қыруар жұмыс атқарылды, 11 көше жөндеді. Жыл сайын жолы жақсарып, көшесі көріктенген елді мекеннің биылғы жетістігі талайдың аузында жүр.

– Жиырма жылдан бері жол жөндеумен айналысамыз. Біз ұтып алған жұмыс – 17 көше. Оның ішінде 10 тас жол, 7 асфальт жол. Қазір тас жолды аяқтадық. Негізгі келісімшарт бойынша тамыздың аяғына дейін бітуіміз керек. Мерзімінен бұрын тәмамдаймыз деген жоспар бар. Сапалы

бюджет осы игі іске жұмылуда. Мәмбетәлі Сейтжаппарұлының айтуынша, үнемделген қаржыға тағы да бірнеше көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспары бар.

– Барлығын бюджет қаражатына қаратып қоюға болмайды. Ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен орталықтағы А.Найзағараев көшесінің аяқ жағына қала көшелерінен алынып тасталған ескі брусчатқаларды төсеудеміз. Жаңа болмаса да, көшеміз таза тұрады. Халық батпақ кешкеннен, тактайдай тегіс тротуарда жүргені маңызды. Мұндай қосымша жұмыстар жыл аяғына дейін жалғаса береді. Қазір ескі брусчатқалар бір шақырым жерге жетті, – дейді ауыл әкімі.



Бидайға орақ түсті

Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылында бидайға орақ түсті. Мұндағы «Достық Жер МК» серіктестігіне өңірдегі іргелі компаниялардың бірі – «Абай-Дәулет» ЖШС инвесторлық етеді. Ауылдың 256 азаматы отбасының непақасын егін шаруашылығынан айырып отыр.

– Биыл 22 734 гектарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын ектік. Оның 355 гектары мақсары, 529 гектары жаздық бидай. Соңғы жылдары біз соя дақылына

көбірек көңіл бөліп отырмыз. Егіс алқабының 140 гектары соя алып жатыр. Ал арпа 150 гектарға, малазықтық дақылдар 6779 гектарға және картоп, көкөніс, бақша дақыл-

дары 1276 гектарға егілді. Бүгінге дейін малазықтық дақылдарды жинауды бастағанбыз. Ал бидай орылып жатыр. Бұйырғаса, өнім көлемі белгілі болады, – деді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әсет Омаров.

Бір ғана ІІІ Интернационал ауылындағы алқаптың 700 гектарын бидай алып жатыр. Күріш өніміне баса мән берілген, 2400 гектар Сыр күріші жайқалып тұр. Ресейлік «Янтарь», «Лидер» сорттары егілген. Сонымен қатар, 1000 гектар ескі жоңышқаның алғашқы орымын орып та үлгеріпті.

– Бидайдың шығымдылығы жақсы. Дегенмен, енді ғана орып бастадық, – дейді «Абай-Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Жасулан Тұрлыбеков.

Жергілікті жұртшылық бидайды малазықтық дақыл ретінде пайдаланады. Шаруашылық жұмысшылары айлық жалқылары есебінен жаздырып алады.

«СБ» ақпарат

Жылыжайды инвесторлар салып бермек

Сырдария ауданында жылыжайды ауданға қарасты шаруашылықтар мен инвесторлар салып беруі мүмкін. Аудан әкімі Руслан Рүстемов осы тың бастаманы көтеріп, инвесторлармен кездесті.



Кездесуге облыстық мәслихат депутаты, «Үглесбыт» ЖШС директоры Р.Есенов, «Мағжан және К» ЖШС төрағасы Д.Ералиев, «Мәлі-Қажы» ЖШС төрағасы С.Сұлтанов, «Бесарык» ЖШС төрағасы М.Биболатов және бөлім басшылары қатысты.

Кездесуде аудан әкімі ауданда «Жылыжай» жобасын жүзеге асыруға мүмкіндік мол екенін атап өтті.

– Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың драйвері. Қазіргі кезде тұрғындар кәсіпкерлікке бет бұрып, шаруасын дөңге-

ленткен жөн. Тың бастама, жаңашыл идея арқылы өз ісін жандандыру керек. Осы ретте ауданда жылыжай салуға қатысты жобаны жүзеге асыруды қолға алдық. Қолдау тауып, жүзеге асқанда мұның тиімділігі мол, – деді Р.Рүстемов.

«Жылыжай» жобасын аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Әзірбек түсіндірді. Жобаның құны – 3 млн 500 мың теңге. Егілетін қияр сорты – «Зена». Пісіп, жеміс беру уақыты – 50 күн. Әр түптен 7 келіден өнім алынады. Жылыжайға бір жылда кемінде 3 мәрте қияр егіп, мол өнім жинау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ аталған жоба негізінде қызанақ өсіруге де болады.

Кездесуде серіктестік тарағалары жаңа жобаның тиімді екеніне тоқталып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Аудан әкімі аталған жоба жүзеге асса, жұмыссыздықпен күреске де сеп екенін жеткізді.

«СБ» ақпарат



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

Жуырда Қазалы ауданы әкімдігінің бастамасымен «Қазалы қазынасы: тарих тудырған тұлғалар» жинағы жарыққа шықты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағыты бойынша жарық көрген жинаққа ауданда орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге қатысты ресми мәліметтермен қоса бейіттерінің үстіне кесене орнатылған тұлғалар жайында ел ішінде сақталған ауызекі әңгімелер енді. Шыңтайында, тарихи тұлғаларымыз жайлы деректер түгел жиналды дей алмаймыз.

Өкінішке орай, олардың бірқатары жөнінде ұрпақтарының қолында жазба деректер немесе ел ішінде әңгімелер сақталмаған, ұмытылған. Алдағы жылдары осы бағытта ізденіс жұмыстары жалғасатын болса, басқа облыстарда тұратын азаматтардың жеке мұрағаттарынан, алыс-жақын шетелдердегі кітапхана мен архив қорларынан тың деректердің табылуы әсте ықтимал. Сондықтан да жинаққа бірінші басылым деген атау бердік.

Басылымның жаңалығына келетін болсақ, тарихи тұлғаларымыз жайлы айтылатын деректі әңгімелердің біршамасы бұрын жарияланбаған. Бұған қоса, атақты бабаларымыздың қадір-қасиеттерін аша түсу мақсатында олар жайлы аңыз-әңсаналар ресми мәліметтермен біріктіріліп берілді. Сондай-ақ, мемлекеттік тізімге алынғанымен, бұған дейін атаусыз деп белгіленіп келген бірқатар нысандардың кімдерге арналып салынғаны анықталды. Бұған қоса, эпиграфикалық мұраларды (құлпытастар мен бітіктастардағы, мазар қабырғаларындағы жазулар, таңбалар) зерделей келе, оларды араб, ішінара парсы тілдерінен ана тілімізге аударып, мазмұнын анықтадық. Бұл өз кезегінде тарихтын шаңында көміліп, ұмытыла бастаған есімдерді қайта «тірілтуге» мүмкіндік берді. Кесенелердің көпшілігінде тек отбасы мүшелері жерленген. Алдағы уақытта олардың да өмірі мен қызметі кеңірек зерттелсе, құба-құп. Бұл – әрине, көп уақыт пен қаржыны, мұрделерге антропологиялық зерттеу (мүрдені қазып алып зерттеу әдісі-Н.М.) жүргізу керек болған жағдайда ұрпақтарының келісімін, құзырлы мекемелердің белсене атсалысуын қажет ететін кешенді жұмыс.

Ізденіс барысында бірқатар жаңа материалдар табылғасын тың пікірлердің қылаң беретіні белгілі. Осы ретте біздің көкейімізге ауданның атауы Қазалы деп негізсіз қойылған-ау деген күдік ұялады. Алдымен жерсу атауларының мағыналарын айқындау екі түрлі – тарихи және халықтық этимологияның аясында қарастырылатынын айта кеткіміз келеді. Тарихи-этимологиялық тұрғыдан зерттеу әдісі нақты дерек пен дәлелдерге сүйенетіндіктен, шындыққа бір табан жақын келеді. Ал халықтық этимология – бұл көбіне ұзақ уақыттан бері ел арасында ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен аңыз-әңгімелерге негізделеді. Сондықтан уақыт өткен сайын атаудың ертедегі мағынасынан алшақтап кетуі жиі кездесетін жағдай. Мәселен, «Қазалы» атауы жөнінде аңыздарға негізделген бірнеше болжам бар. Бұл атаудың этимологиясы, яғни, шығу тегі жөнінде көпшілік оқырманға бұрыннан белгілі бірқатар жорамалдарға қысқаша шолу жасайық.

1) Кеңес дәуіріндегі Т.Өтебаевтың зерттеуінде «Сырдарияның оң жақ жағасында дариядан бөлінген бір кішкене өзекше болады. Өзекшесінен бір шал балық аулап кәсіп етеді. Ол балықты жазда шанышқы, қыста қазанмен аулаған. Бірте-бірте бұл өзекшіге қаза басушылар көбейеді. Осыдан келіп, қаза басқан өзекше «Қазалы» атанады. Түпкілікті қоныс көріп жүрген Райым отрядына осы Қазалының қасы қолайлы болып, жұрт сол жерге қоныстана бастайды. Бұл жерге Бұқарадан, Хиуадан саудагер өзбектер, еврейлер, Орынбордан, Қарқаралыдан татар көпестері келе бастайды. Сөйтіп, бұл жер сауданың үлкен пунктіне айналады. Қаланың тұрған жерінің төңірегі егін егуге, әсіресе бақша өнімдері

Сондықтан бұл аймақ Қазалы аталып кеткен» деген және бір болжам келтіреді.

Ежелден «ел мен жер» деген егіз ұғым саналады. Сондықтан ел табан тіреген жерге атау беруде бабаларымыз барынша байыпты байлам жасаған. Осы жосықпен қарасақ, халықтық этимологияда өзен, көл, мал, құдық, қорым, ағаш, жылан, тарихи орындар, кейбір аңдар киелі саналады, яғни, тотемдер. Сондай-ақ, исламдағы құндылықтар жүйесін шариғат бойынша дің, ұрпақ жалғастыру мен тәрбиелеп өсіру, ақыл,

ланыста болған. Н.Я.Мар мен Б.Грозный келтірген «қаз», «хаз» сөзі екеуіне бірдей...» деп тұжырымдайды. Одан әрі осы еңбектен «...Тарих осы замандарда Қазақия құрамында қазіргі қыпшақ тектес қарашай, балқар, құмықтардың арғы бабаларының да болғанын, бөрінің қазақ атауымен қауымдасқанын ортаға тартады» деген деректі кездестіреміз. Қысқасы, «қаз елінен» басқа емес, «қазақия» деген этноним құралып тұр. (қараңыз: Қазақ шежіресі. Алматы, «Атамұра», 78-79 бет)

ел ішінде пайдаланылып келген Қазалы топонимі болды ма? Аудан атауының шығу төркініне осы тұрғыдан келген жөн деп санаймыз.

Күні бүгінге дейін бұл атауға қатысты «қаза» деген балық аулайтын құралға негізделіп қойылған деген пікір үстем болып келгенін жоғарыда атап өттік. Әдетте, тарихи мәліметтерді сараласақ, балық шаруашылығы тек Қазалыда ғана емес, «қарашекпенділер» (орыс шаруалары) келіп орналасқан басқа өңірлерде де тез дамып отырғанын көреміз. Себебі, мал шаруашылығы мен саудасаттықтан гөрі балық аулау орыстардың жетік менгерген кәсібі болатын. Алайда, келімсектер шоғырланған жерлерге берілген жаңа атаулар жергілікті жер-су атауларымен байланысты қойылды. Мысалы, Тобыл өзеніне байланысты Тоболск қаласы, Торғай өзеніне байланысты Торғай қаласы, Жетісу өзендерінің жиынтық атауымен Жетісу өңірінің атауы, Ырғыз өзенінен Ырғыз уезі, кокандықтар салған Ақмешіт атауынан Ақмешіт (кейін Перовск форты болып өзгертілді) қалашығы т.б. с.с. жаңа топонимдер пайда болды. Ал балық шаруашылығы өндірістік көлемде қанат жаймай жатып-ақ әуелі форттың, кейіннен уездің атауы балық аулайтын және балықшыларға бұрыннан таныс бір ғана құралға байланысты қойылды деген пікір еш қисынға келмейді. Көршілес Қармақшы ауданының атауы да балық аулайтын құралға қатысты емес, ол – жалқы есім, яғни, адамның есімі. Тағы бір мысал. Бүгінде Енисей бойын жайлаған 50 шаршы шақырымға бір ғана адамнан келетін және тұрмыс-тіршілігінің көзі аңшылық пен балық аулау кәсібі ғана саналатын эвенкилерде өзен үлкен маңызға ие. Олардың жер-су атаулары көбіне өзенге және

әскери-стратегиялық маңызын білдірсе керек. Уез орталығы болғандықтан да аталған аумақ саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени өркендеудің ұйытқысына айналды. Өңірдің тарихы мен мәдени даму ерекшеліктеріне, фаунасы мен флорасына, географиялық орналасуына, халқының тұрмыс-тіршілігіне деген шетелдік, әсіресе, ресейлік ғалымдардың, саханшылар мен әскери мамандардың қызығушылықтары күшейді. Олар қалдырған жазба материалдардың бірінен «Қазалы» сөзінің этимологиясына байланысты қызғылықты пікірді оқуға болады...

Қазалы атауына қатысты кезінде өзі уездік басқармада жауапты қызмет атқарған және ел мен жер тарихына айрықша қызығушылық танытып, алғаш рет Жанқожа бабаның тұлғалық қасиеттері мен батырлығы жайлы «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедов» деген кітап (Қазан қаласы, 1894 жыл) жазып шығарған И.Аничковтің пікірі өте қисынды. Ол 1889 жылы Ташкенттен басылып шыққан «Солтүстік Түркістан халқының өмірінен очерктер» деп аталатын жинағының «Ұмытылған өлке» («Забытый край») атты бөлімінде «Казалинск, основанный в 1850 году, в виде форпоста речки «Казалки», для наблюдения за двумя переправами хивинцев через Сыр-Дарью, у Джанкалы и Кара-тубе, был в 1853 преобразован в форт №1, куда с упразднением Аральского укрепления на Раиме в 1855г. было перенесено все военное управление. А в 1867 году сделанный уездным городом Сыр-Даринской области, стал маленьким центром обширного степного пространства, заключаая в себе почти все Кара-кумы, часть Кызыл-кумов, низовья Сыр-Дарьи, сея истоками Куваном, Джаман и Яны-Дарьями вплоть до Аральского моря. Основанный, главным образом, чисто военными целями, он, впоследствии, с устройством Аральской флотилии и развитием торгового транзитного движения между Оренбургом и Средней Азией, играл в Туркестане очень значительную роль» деген нақты мәлімет береді. Осында автор қала атауының Казалка (қазақшасы – Қазыалқа болуы керек-Н.М.) деген шағын өзенге байланысты қойылғанын бірінші кезекте тілге тиек етеді. Ол сондай-ақ, өз пікіріне негіз болған деректердің бірқатарын уезде 20 жылдай сот (мировой судья) қызметін атқарған, қазақ тілі мен жергілікті халықтың салт-дәстүрлерін жақсы менгерген және дүниеден өткенше (1898ж.) тұрғындармен тығыз араласқан С.М.Лашиннен алғанын ашық айтады. Жинақты соның рухына арнап жазғанын келтіреді. Бұған қоса, И.Аничков осы кітабында «Қазалыда халық саны 26 мың шамасында екенін, олардың басым бөлігінің ерте кезден-ақ жер өңдеумен айналысқанын, ата-бабаларының осыдан 200 жылдай уақыт бұрын Түркістан мен Қаратау жақтан көшіп келгенін өлке тарихын жақсы білетін адамдардан естігенін айтады. Егер біздің пікіріміз көпшіліктің ойынан шығып жатса, «Қазалы» ауданының атауын тарихи қателікті жөндей отыра, «Қазыалқа» ауданы деп өзгертуді ұсынамыз. Болмай қоймайтын жаңалықты немесе құбылысты мензегенде бабаларымыз «таң атпаймын дегенмен күн қоймайды» дейді екен. Ауданның атауын өзгерту бүгінде оңай жұмыс емес екені де белгілі. Бірақ, соны желеу етіп біз неге өзіміз атқармаған күрделі жұмыстардың барлығын кейінгі ұрпақтың мойнына жүктей салуымыз керек?

Әрине, қазіргі экономикалық қиыншылық тұсында аудан атауын өзгерту мәселесін көтерудің өзі артық болар. Дегенмен, халықтың бірлігі мен Үкіметтің қасиеттілігінің арқасында бұл жағдайды да еңсереміз деген үміт басым. Біз асықпағанмен, естіген құлаққа үрей тудырып, ажал шақыратын атаудан арылатын уақыт бәрібір келеді. Ерте ме, кеш пе тарихта кеткен қателік түзетілуі тиіс деп санаймыз.

Нұрлыбек МЫҢЖАС,
тарих ғылымдарының кандидаты

«Қазалы» атауы туралы тың тұжырым



үшін қолайлы болады. Мұнда келген бұқаралық, хиуалық өзбектер бақшалықты өркендетіп, төңірегіне ағаштар отырғызады. Сөйтіп, олар үйлер салып, кішкене сауда пунктін қалаға айналдырып, оның атын «Қазалы» деп атайды. (қараңыз: Өтебаев Т. Қазалы қаласы /қысқаша тарихы/// «Ленин жолы» газеті, 25 қазан, 1940ж.).

2) Бұл жерде әділ қазылығымен халыққа жакқан бір адамға байланысты «Қазы» атанып, кейін «Қазалы» болып өзгерген... Ерте кезде осы өлкеде шалқыған көл болған, көл беті жүзген аққу мен қаздан көрінбеген, соған орай «Қаз елі» деп атаған дейді. (қараңыз: «Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы» кітабы. Алматы, 2008ж.).

3) Шежіреші Өмірзақ Ахметов пен журналисты Шайхыслам Серікбаевтардың айтуынша, он екі ата Байбұлының бірі – Алтынның Құсқұл, Қазалы, Шұңғыр және Жапалақ атты төрт баласы болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі ел босып кеткен жаугершілік заманда Алтынның бір баласы – Қазалы әулеттері бір рулы ел болып Сырдың жағасында, қазіргі Қазалы қаласының орнында отырған. Олар шағын сауда-саттық базарын ашып, қалашық салады. Қалашық сол ру атынан «Қазалы» атанып кеткен.

Сондай-ақ, өткен жылдың мамырындағы «Қазалы» газетінің сайтында журналисты Ұ.Талапбаева «Қазалы атауы қайдан шықты?» деген мақаласында «...Қазалы атауына байланысты мына бір болжам да арагидік айтылып қалады. Ол көне Жанкент шаһарына қатысты. Бұл қаланың тарихы жайлы айтылар әпсана аз емес. Солардың бірі – Бегім сұлу оқиғасы. Бегім – Жанкенттің билеушісі Санжардың әйелі. Көрікті жарын қызғанған Санжар оның бір қолы мен бұрымын кесіп тастайды. Бегім сұлудың ақтығы дәлденіп, қолы мен бұрымы бұрынғы қалпына қайта келген екен. Қызының жазықсыз зәбір көргеніне көзі жеткен Қарабұра әулие күйеу баласы Санжарға налиды. Жазықсыз жабылған жаладан әйеліне опасыздық жасаған ханның қаласына жыландар шабуыл жасайды. Қайғылы оқиға салдарынан қаза болғандар көп болған екен.



өмір және жекеменшік сияқты 5 нәрсе құрайды. Көріп отырғанымыздай, өлім, ажал немесе қаза қасиетті емес, қасіретті нәрселер деп бағаланған. Малға шабады деп атамыз қазақ қасқырды да тіке атамай «ит-құс» дегені белгілі. Олай болса, «Үкім Алланыкі, өлім пенденікі» болғанымен қазаны ұрпақ жадына сіңіріп, құрметтеуге ұмтылу қаншалықты қисынды? Сонымен бірге өлім-жітім тек қана осы аумақта көп болған деген тұжырым да орынсыз. Біріншіден, ондай статистикалық мәлімет жоқ. Болуы да мүмкін емес. Себебі, аталармыз өлімнен бұрын өмірді санаған, яғни, дүниеге келгендерді есепке алған. Сондай-ақ, Қазалы ауданынан басқа жерлерде өлі-жітім азырақ болды деп айтуға ешкімнің аузы бара қоймас. Қазақтың бар даласы қан сасыған қайғылы кезеңдер аз болған жоқ тағдыр-тағайымызда...

Жоғарыда келтірілген болжамның бірінде аудан атауын Қаз елі дегеннен таратады. Анығында, Қаз елі деген ұғым жалпы қазақ атауының этимологиясына да қатысты жиі айтылады. Бұл жөнінде әйгілі ғұлама Әлкей Марғұлан «қазақтар арабтар келмей тұрып Арал, Каспий теңізінің төңірегінде хазарлармен бай-

Осы сияқты бір рудың атауына орайластырып қойылды деген де жаңсақ пікір болса керек. Себебі, бір рудың ұранының өзі бірнеше рет өзгергені тарихтан белгілі. Егер аумаққа Алтын руының төрт баласының бірі – Қазалының есімі берілсе, онда соншалықты құрметке ие болған тұлға жөнінде ел ішінде неліктен деректер, аңыз-әпсаналар сақталмаған. Ныспысының өзі нақты емес. Кейбір шежіре нұсқасында әдепкі есімімен қатар Қазала деп те қоса айтылады. (қараңыз: З.Сәдібеков «Қазақ шежіресі», Ташкент, 1994ж., 114 бет)

Бұған қоса айтарымыз көптеген шежіре нұсқаларында Алтын руынан тарайтын ұрпақтың бірінің есімі Қазалы емес, Көкала (лақап аты – Сарым). Жоғарыдағы авторлар айтқандай, Қазалы деген есім кездеспейді. (қараңыз: М.Ниетәлиев «Кіші жүз шежіресі». Алматы, Арыс баспасы, 157 бет)

Әділінде, қайсыбір жорамал-болжамның өмір сүруге хақы бар. Дегенмен, жоғарыда аталғандардың бәрі дерлік аңызға табан тіреген және Қазалы атауы қолданысқа енгеннен кейін, сол атауды тарихи негіздеу үшін ойлап табылған болжам-тұспалдар секілді. Ал осы атауға дейін

содан ауланатын балықтың түрлеріне байланысты қойылған. Мәселен, хариус – эвенкише ниру деп аталады. Нирулда өзені атауы осыдан шыққан. «Сібірдің алтынына» бағаланатын таймен балығын эвенкилер – дели деп атайды екен. Осыған байланысты Дел-моно (таймен тауы) деген тау бар. Топонимдерінде біздегі «Шортанды» деген сияқты оларда да Гуткен (эвенкилер шортанды осылай атайды) аталатын өзен де кездеседі. Ал енді осы атаулардың арасынан балық аулайтын құралға қатысты қойылған стратегиялық маңызды бірде-бір елді мекеннің атауын тау қиын. Қалай десек те, жерсу атауларының түп-төркінін анықтауда мүмкіндігінше тарихи-этимологиялық тәсілге арқа сүйегеніміз абзал.

Тарихи деректерге қарасақ, орыс билігі тұсында «Қазыалқа» деген топоним болған. Ресми құжаттар айналымында орыстар осы өзен атауын «Казалинск» деп өз тілдеріне бейімдеп алғанға ұқсайды. Енді осы пікірімізді нақты тарихи-этимологиялық тұрғыдан дәлелдеп көрейік. Мәселен, Қазалының ресейлік патша әкімшілігі билігі тұсында иез орталығы деген мәртебе иеленгені баршаға белгілі. Бұл мәртебе ауданның сол кезеңдегі



Ауыл шаруашылығының озат ұйымдастырушысы, «Ленин», 2 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» ордендерінің, бірнеше медальдің иегері Шынтас Жалғасбаевтың өнегесі өміріне шамшырақ болған жандар аз емес.

Еңбегі ерен ел ағасы

1968 жыл. Қызылордадан Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бас құрылыс инженері болып қызметке ауысқан кезім. Ауданда 15 шақты шаруашылық бар, проблема шаш етектен. Әсіресе, малшылардың жағдайы нашар. Үй, мал қорасы атымен жоқ. Малшылар қыста жергеледе, жазда қараша үйде күн көріп жатыр. Совхоз орталықтарында типтік жобамен салынған мектептер, балабақшалар, мәдениет үйлері, ауруханалар жоқтың қасы.

Аудандағы Қазақ ССР-ның 40 жылдығы атындағы совхоз директоры Ақмырза Досхожаев қызметінен босатылды. Орнына К.Маркс атындағы совхоздың бастауыш партия ұйымының хатшысы Шынтас Жалғасбаев келіпті деген хабарды естідім. Бұл 1969 жылдың ақпан айы еді. Аталған шаруашылықтың көрсеткіші нашар, артта қалған совхоз болатын. Жұмысты қабылдап, ыждағаттықпен кіріскенімен, Сырдария өзенінің «Иланды» деген жерінен су тасып, малшы үйлері, қыстайтын қоралар астында қалды. Шәкең ойланбастан, көмек сұрау үшін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбжәми Байшауаков ағамыздың қабылдауына келді.

Жұмыста отырғанмын, райкомға тез жетсін деген хабар алдым. Барсам, хатшының алдында Шынтас отыр екен. Мен кірдім де, ауыз жақтағы көп орындықтардың біріне отыра кеттім.

— Бәрі жақпыда, — деді хатшы. — Мына ағанды танысың ба?

— Танимын, бір рет кездескенім бар. — Ендеше, дұрыстап таныс. Қазір жинал да, өзімен бірге шаруашылығын арала, не проблемасы бар, соны шеш! Сосын қорытындысын маған айтарсың!

Шәкеңнің 8 орындық ГАЗ-69 жеңіл автокөлігіне мініп, совхоз орталығын, ауыл маңындағы мал қыстайтын жерлерді түгел аралап, түстен кейін Қарақұмға жол тарттық.

Бар проблемасын айтып келе жатыр, менің қолымда кішкентай күнделік дәптерім, анда-санда тоқтаған жерде, елді мекендердің аттарын, онда не бар, не жоқ, соны түртіп аламын. Менде үн жоқ.

Байкаймын, Шәкеңнің көңілі толмайтын сияқты. Ойланып келе жатырмын, жыл басталып кетті, қаржы бөлініп, банкке тапсырылды. Бірақ шешу керек!

Кештетіп, жол-жөнекей «Шөлқұм», «Шилі», Қарақұмдағы «Шакең» елді мекендерін аралап, бір қойшының үйіне келіп қондық. Ертеңіне бірге қайттық, қайтарда аздап тіл қата бастадым.

— Шаке, ауданның бар шаруашылықтарында осындай проблема жетерлік. Бәрін көзімнен көрдім. Көмек болады, қаржы да, құрылыс материалдары да бөлемін. Тек құрылысты салуға құрылыс бригаданыз бар ма, бөлінген қаржыны игере аласыз ба, соны есептейміз. Совхоздың прорабы Қоңырбаев Нұрұлыны жіберіңіз және келер жылдардағы берілетін көмекті де жоспарлайық. Жоба-смета дайындауға тапсырыс берейін, — дедім.

Ол кезде малшылар үшін үй салуға дайын материалдар келетін. Содан жеткілікті етіп бөлдім, жылына 5-6 қой қорасын екі бөліп отырдым. Совхоз орталығында әр жылда 15-20 үй пайдалануға берілді.

1975 жылы қараша айында мені облыстық партия комитетінің шақыруымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына құрылыс жөніндегі орынбасары қызметіне ауыстырды. Ол кезде ауыл шаруашылығына қарасты 90 совхоз, 10 колхоз, 5 арнаулы мал бордақылау бірлестігі, көптеген ведомствоаралық мекемелер бар болатын. Проблема да, тапсырма да жеткілікті, көбіне басшылармен іссапарда жүремін.

Жұмысқа кіріскеніме көп уақыт болмай кабинетіме Шынтас аға келді. Жаксы тілектерін айтып, «баяғы өзің көрген елді мекендер кішігірім ауылға айналды. Көп көмектестің, әлі де көмегін керек, бәрі де өзіңнің қолыңда ғой» деп өзінің әдемі күлкісімен жымиды.

— Айта бер, Шәке, не қажет?

Мектеп көне, клуб жоқ, ауызсу, ауылға жол, тағы басқа мәселелерін алдыма жайып салды.

— Бәрін де рет-ретімен аудандағы құрылыс мекемелерінің күшіне қарап шешемін. Жобаларына тапсырыс берейін, тек клуб болмаса, — дедім. Клуб, мәдениет үйі ол кезде Қазақ ССР Мәдениет министрлігі арқылы бөлінетін.

Берген уәдем бойынша 624 орындық мектеп, ауылға дейінгі жол, көшелер, жаңа үлгідегі үйлер салынды.

Ауыл ішіне жерасты суын тұштыатын қондырғы орнатылып, су құбыры жүргізілді. Ол кезде су тұштытатын қондырғыны Москеуден алдыртатын едік. Клуб құрылысына да өзінің та-



бандылығының арқасында қол жеткізді. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министріне барып, өзінің көрсеткіштерінің бәрі жақсы, тек клуб жоқ, осыған көмектесіңіз, деп өтініш айтып, Госплан арқылы қаржы бөлірді. Бөлінген қаржыны игеру үшін жобаны жасатып, мердігер мекеменің жоспарына енгізіп, 330 орындық клубтың салынуына басшылық жасадым.

Жаксының көзі кеткенмен, аты өшпейді. Оның ел алдындағы атқарған игілікті істері көптің есінде. Ол уақытпен санаспай жұмыс істейтін еді, халқы үшін, жастардың болашағы үшін аябай еңбек етті. Шакең ауыл шаруашылығы саласында білікті де, білімді мамандар дайындады. Олардың көбісі кейін совхоз директоры, ұжымшар төрағасы болып ауданның, облыстың экономикасын көтеруге өз үлестерін қосты.

Ол мамандарын сыйлай да, жұмыстарын бағалай да, талап ете де білетін қарапайым адам еді. Дүниекоңыздыққа барған жоқ, барынша әділ, шынықтық сүйетін.

Шынтас аға совхоз директоры болған 22 жылда Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз 3 рет Бүкілодақтық, 6 рет республикалық ауыспалы «Қызыл Туға» ие болды. Одақта 2 рет, республикада 11 рет Құрмет грамотасымен, дипломдармен марапатталды. Қазалы ауданы, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз Қазақ ССР-ның «Құрмет» кітабына жазылып, Мәскеу қаласындағы бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет тақтасына ілінді.

Ол Қазақстан Орталық партия комитетінің X, XII, XVI, съездерінің делегаты, бірнеше рет облыстық, аудандық кеңестердің депутаты болып сайланды, аудандық партия комитетінің мүшесі болды.

Отбасында асқар таудай әке жұбайы Балкүміс апаймен екеуі 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, ұлдарын — ұяға, қыздарын қияға қондырды. Балаларына өнегелі тәрбие берді, бәрі де жоғары білім алып, егемен еліміздің әр түкпірінде абыроймен қызмет атқаруда.

Шынтас аға 1991 жылы зейнетке шықты, өмірінің соңына дейін Қазалы ауданы әкімінің қоғамдық негіздегі кеңесшісі, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде халықтың ортасында болды.

2000 жылы Шынтас аға қайтыс болды деген суық хабар келді. Ақтық сапарға шығарып салуға Қызылордадан Жанқожа баба атындағы ауылға бардым. Мәйітті өзі салдырған ауыл ортасындағы жолмен алып жүрді. Қасымыдағы жолдастарыма: «сол жақтағы мектеп, он жақтағы клуб үйі, абаттандырылған үйлер, бой түзген көше — Шәкеңнен қалған қолтаңба» дедім.

Иә, Шынтас ағаның мандай терімен атқарылған жұмыстар — кейінгі жастарға өнеге, үлгі. Ол небәрі 70 жыл өмір сүрді, бірақ өзінің ерен еңбегімен ел есінде қалды. Оның кіндік қаны 1930 жылы Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінің Шабан ауылында тамған. Балалық шағы ашаршылық жылдарына, Ұлы Отан соғысынан кейінгі елдегі қиын кезге тап келді. Еңбек жолын қарапайым «Шөмішкөл» балық колхозынан жұмысшысынан бастап, Арал ауданы «Приарал», Қазалы ауданы К.Маркс атындағы совхоздарында партия ұйымының хатшылығы қызметтерін абыроймен атқарған болатын.

Кезінде ауыл шаруашылығы саласында қызметтес болған аяулы азамат Шынтас Жалғасбаев тірі болғанда бұл күндері 90 жасқа толар еді.

Нұрұлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті
құрылысшысы, облыстық ауыл
шаруашылығы басқармасы
ардагерлер кеңесінің төрағасы

Төрт әңгіме

Арпалыс

Сәтін салған күні Өмір мен Өлім кездесіп қалыпты. Өмірде өң жоқ, жүдеп-жадаған, киімінің де репеті кеткен. Өлім болса бетінің нұрғы тасып, гүл жайнап, құлпырып жүр. Етінен ет қалмаған, ілмнген ку сүйек Өмірді көріп, айран-асыр қалған Өлім бір қызық ұсыныс айтады.

— Сен ендігі жерде менің киімді киіп, Өлім кейпіне келіп жүр. Ал, мен болсам аз ғана уақыт Өмір болып тірлік етейін. Сонда қайсымыз қалай болар екенбіз?

— Жарайды, — деп Өмір бұған қуана келіседі.

Сонымен Өмір Өлім болып, Өлім Өмір болып, екеуара киім ауыстырады да жөн-жөнімен ел аралап кетеді екен. Арала бар-жоғы ай өтеді. Белгілі уақытта межелі жерде кездеспек уәделері бар. Өмірдің Өлім болып қадам басқалы тіршілігі құлпырып сала береді. Өлімнің көрінен қорыққан көпшілік қолдарын қусырып, қойларын сояды. Жайылып жастық, иіліп төсек болып, үлкен-кіші алдында тәжім етіп тұрады. Аз уақытта мәртебесі өскен Өлім кейпіндегі Өмір құлпырып сала береді. Өңіне қан, жілігіне май жүгіреді. Жамағат жасап жатқан ізгілікке риза болады. Ал, бұл күндері Өмір кейпінде ел жағалап кеткен Өлімнің халі аса мүшкіл еді. Оны ауыл ітінен басқа ешкім де қарсы алмайды. Көзі түскен бірді-екілі ауыл адамдары болса:

— Е-е, құдай-ай, кәдімгі Өмір ме еді, — деп келген-кеткенімен шаруасы болмайды.

Бұрындары шалқып басып жүрген ол бар-жоғы бір ай ішінде аштан өлуге қарап, қайыр сұрап, үнем айырып, жан тәсілім жасар мерзімде баяғы Өлім кейпіндегі Өмірге әрең жеткен екен дейді. Сонымен Өмір мен Өлім бір-бірін көргенде танымай қалады. Өмір болып кеткен Өлім ажал аузында екен де, Өлім болып аттанған Өмірдің мейманасы тасып тұрса керек.

Біздің тіршілік те солай ғой, адамға өмір сыйлап, бар ғұмырын жақсылық жасауға арнаған Өмірді жайлы көреміз де, құрметіміз кем түсіп жатады. Егер, Өлім секілді аузынан ажал шашып келе жатса, қорыққаннан қол қусырып, алдынан иіле шығарымыз анық.

Қорлық өлімнен күшті

Баяғы бір заманда үстіне алба-жұлба қайыршының киімін киген бір дәруіш ханның қақпасын қағыпты дейді. Жасауылдар есік ашса, табалдырық үстінде жұпыны киінген жүдеу жан тұр екен.

— Саған не керек? — дейді жасауылдар.

— Маған хан керек, — деп жауап береді әлгі байғұс.

— Хан сендейлерді қабылдай алмайды. Ханға айтатын шаруаң болса, бізге айт.

Дәруіш оған келіспейді.

— Жоқ, менің сөзімді хан ғана түсінеді. Айтарымды тақсырдың алдына барғанда естисіңдер. Ханға осылай деп сөлем айтыңыздар, — дейді дәруіш.

Жұпыны киімімен ханның қақпасына бас сұға алмайтынын білген дәруіш есік тосып, андай жерде арқасын жарға беріп, тікесінен тік тұрып, көз ілдіреді. Мұны көрген жасауылдар:

— Жата кетсең, қай киімнің бүлінеді? — деп әлгіні келемеж қылады.

Хан кешкілік қақпа алдындағы жасауылдарын шақырып алып, бүгін өзімен дидарласуға кім келіп, кім кеткенін сұрайды екен. Жасауылдардың бастығы осындай бір алба-жұлба киім киген дәруіштің мұны көргісі келетінін, «Менің сөзімді хан ғана түсінеді» деп бұларға әңгіме айтпастан, жарға арқасын беріп, тікесінен тік ұйықтап тұрғанын айтады. Хан ойлансып отырады да:

— Сол дәруішті маған алып келіңдер, — деп әмір етеді.

Жасауылдар дәруішті безек қақтырып ханның алдынан бір-ақ шығарады. Табалдырықтан бері аттай берген дәруіш ханды көрісімен жаман шапанының етегін бір жағына түре, тізесін бүгіп, ханға басын иіп, сәлем береді. Оның мұндай тақуалығын келемеж қылған жасауылдың бастығы қолындағы найза ұшымен иіліп жатқан дәруіштің құйрығынан түртіп қалып, мырс етіп күледі. Тұрмақшы болып жатқан дәруіш бұдан соң бұқ түсіп, жерге құлап, сол арада жан тапсырыпты. Дәруішке әрі-бері қарап тұрған хан басын шайқаған екен дейді.

— Бекер істедің-ау, сен пәт-шағар, — деп жасауылдың бастығына жаратпай қарайды. — «Менің сөзімді хан ғана түсінеді» деді-ау... Тізесін бүгіп, иіле амандасты. Бекзада әулетінен екені көрініп тұр. Тағдыр айдап осында

әкелген екен, сен секілді құлдың құйрығынан түрткеніне қорланып, жан тәсілім етті. Енді мұны ақ жауып, арулап көміңдер, — депті.

Сөйтсе, дәруіш еліне өкпелеп, салтанатты сарайға сыймай кеткен өзіндей бір ханның баласы екен дейді. Қорлық өлімнен күшті көрінеді. Әсіресе, ол адал адамға ауыр соғады. Елде де тегін қадірлеп, теңін сақтап жүретін ары таза адам көп. Шаншу болып қадалатын шайпау сөз қате тисе де, бата тиетіні сондықтан.

Ұрпақ үшін

Дағыстан деген ел халқы жағынан бір миллионнан аспайды, бірақ бір-бірінің тілін түсінбейтін бөлек-бөлек отыз ауыл бар. Кешегі күнге дейін олардың елінде жер-жоғы ай өтеді. Белгілі уақытта межелі жерде кездеспек уәделері бар. Өмірдің Өлім болып қадам басқалы тіршілігі құлпырып сала береді. Өлімнің көрінен қорыққан көпшілік қолдарын қусырып, қойларын сояды. Жайылып жастық, иіліп төсек болып, үлкен-кіші алдында тәжім етіп тұрады. Аз уақытта мәртебесі өскен Өлім кейпіндегі Өмір құлпырып сала береді. Өңіне қан, жілігіне май жүгіреді. Жамағат жасап жатқан ізгілікке риза болады. Ал, бұл күндері Өмір кейпінде ел жағалап кеткен Өлімнің халі аса мүшкіл еді. Оны ауыл ітінен басқа ешкім де қарсы алмайды. Көзі түскен бірді-екілі ауыл адамдары болса:

— Е-е, құдай-ай, кәдімгі Өмір ме еді, — деп келген-кеткенімен шаруасы болмайды.

Бұрындары шалқып басып жүрген ол бар-жоғы бір ай ішінде аштан өлуге қарап, қайыр сұрап, үнем айырып, жан тәсілім жасар мерзімде баяғы Өлім кейпіндегі Өмірге әрең жеткен екен дейді.

Сонымен Өмір мен Өлім бір-бірін көргенде танымай қалады. Өмір болып кеткен Өлім ажал аузында екен де, Өлім болып аттанған Өмірдің мейманасы тасып тұрса керек.

Біздің тіршілік те солай ғой, адамға өмір сыйлап, бар ғұмырын жақсылық жасауға арнаған Өмірді жайлы көреміз де, құрметіміз кем түсіп жатады. Егер, Өлім секілді аузынан ажал шашып келе жатса, қорыққаннан қол қусырып, алдынан иіле шығарымыз анық.

— Саған не керек? — дейді жасауылдар.

— Маған хан керек, — деп жауап береді әлгі байғұс.

— Хан сендейлерді қабылдай алмайды. Ханға айтатын шаруаң болса, бізге айт.

Дәруіш оған келіспейді.

— Жоқ, менің сөзімді хан ғана түсінеді. Айтарымды тақсырдың алдына барғанда естисіңдер. Ханға осылай деп сөлем айтыңыздар, — дейді дәруіш.

Жұпыны киімімен ханның қақпасына бас сұға алмайтынын білген дәруіш есік тосып, андай жерде арқасын жарға беріп, тікесінен тік тұрып, көз ілдіреді. Мұны көрген жасауылдар:

— Жата кетсең, қай киімнің бүлінеді? — деп әлгіні келемеж қылады.

Хан кешкілік қақпа алдындағы жасауылдарын шақырып алып, бүгін өзімен дидарласуға кім келіп, кім кеткенін сұрайды екен. Жасауылдардың бастығы осындай бір алба-жұлба киім киген дәруіштің мұны көргісі келетінін, «Менің сөзімді хан ғана түсінеді» деп бұларға әңгіме айтпастан, жарға арқасын беріп, тікесінен тік ұйықтап тұрғанын айтады. Хан ойлансып отырады да:

— Сол дәруішті маған алып келіңдер, — деп әмір етеді.

Жасауылдар дәруішті безек қақтырып ханның алдынан бір-ақ шығарады. Табалдырықтан бері аттай берген дәруіш ханды көрісімен жаман шапанының етегін бір жағына түре, тізесін бүгіп, ханға басын иіп, сәлем береді. Оның мұндай тақуалығын келемеж қылған жасауылдың бастығы қолындағы найза ұшымен иіліп жатқан дәруіштің құйрығынан түртіп қалып, мырс етіп күледі. Тұрмақшы болып жатқан дәруіш бұдан соң бұқ түсіп, жерге құлап, сол арада жан тапсырыпты. Дәруішке әрі-бері қарап тұрған хан басын шайқаған екен дейді.

— Бекер істедің-ау, сен пәт-шағар, — деп жасауылдың бастығына жаратпай қарайды. — «Менің сөзімді хан ғана түсінеді» деді-ау... Тізесін бүгіп, иіле амандасты. Бекзада әулетінен екені көрініп тұр. Тағдыр айдап осында

бірге жанып тұр еді дейді.

Жалғыз баласынан да жанын аяп, Дағыстан еліне тірілей маскара болған жауыз байдың қалған өмірі қорлықпен өткен екен. Қай заманда да ұрпақ үшін отқа түспей, келешекке кемел мұра қалдыра алмайсың.

Қайыр қылсаң, бүтін қыл

Ертеде итке сүйек қимайтын, қайырымсыз қатал бай болыпты. Өмір-бақи жиып-терген дүниемалы өз кеңірдегінен де жұрмей, лақ мұрны қанаса қатты қайғырады екен. Қайырымсыз бай қатыгез сараңдығымен есігінде жүрген жалшылардың ығырын шығарып, аздырып-тоздырып жібереді. Ең аяғында елден безген сараңның қара басы ығылым малға ие болуға шамасы жоқ, жұмсаған құлы тіл алмай, өлуге келеді. Өрім-өрімі шығып, жалаң аяқ, жалаң бас бай қой соңында өзі жүрсе, бір әлемі қобдишаға кез болыпты. Дүние көкейін тескен бай әп-сәтте есінен айырылып, әлгі қобдишаны ашып қалады. Сол кезде қобдиша ішінен бұрқ етіп бу көтеріледі, әлгі бу құйынша бұратылып барып, үлкен жыланға айналады. Жылан бас көтерген сәтте не боларын күтіп, емінсіп тұрған сараң байды көреді де, сумаң етіп мойнына орала кетеді. Зәресі ұшып кеткен қаныпезер бай жыланның шыбын жанын қиюын сұрап, зарлана бастайды.

— Жоқ, мен сені жеймін. «Жатқан жыланның құйрығын баспа» деген атанның айтқанын тыңдаған жоқсың. Иманыңды үйіре бер, — дейді, жылан байды буындыра түсіп.

Бай малдың қызығына түсіп жүріп, қалмасын қайыруды да үйренбеген екен. Екі көзі алақтап, жан-жағына қарайды. Сөйтсе, ауылдың маңымен өтетін сопақ жолдың үстімен бес адам кетіп барады екен. Бай ойбайын салады:

— Мені мына жыланның құтқара көріндер! Жасаған жақсылықтарың үшін бір марка қозы беремін.

Бірақ бес адам бұл жаққа мойын бұрып та қарамай, жөнімен жүре береді. Бай алақат бастаған шақта сол жолдың үстінде топырлаған отыз адам көрінеді. Қуанып кеткен сараң тағы да айғайға баслады:

— Ей, адамзаттың балалары! Мені жылан шаққалып жатыр. Осы күрсаудан құтқарып, өмірімді сақтап қалған жанға құрбандыққа шалатын бір қойым бар. Құтқара көріндер!

Отыз адам да қайырылып қарамай, алған бағыттарымен жүре береді. Тек ортасынан құдайына қараған біреуі бұрылып:

— Сол құрбандықты жыланға шал. Бәлкім, босатып қалар, — дейді.

Бай жыланға қой бермекші болады, бірақ қаталанып алған жылан оған да көнбейді.

— Жоқ, мен бүгін сені ғана сорып жатуым керек.

Шошып түскен сараңның жан дауысы шыға айғайға салады. Осы кезде жер астынан белуарына дейін жоқ жарым-жарты бір кісі шығады да, қолындағы тағйымен ширатылап тұрған жыланды қақ басынан бір қояды. Тағы да буга айналған жылан кілт көтеріліп, қайтадан сандық ішіне барып, жоқ болады. Сандықтың аузын жапқан соң сараң бай өзінің құтқарушысына қарап, аң-таң қалады.

— Ойпырмай, адамдар мұндай қатыгез болады екен ғой. Қой беремін десем де қайырылмады ғой. Анау маған көз қырын салмай өткен бес адамның кім екенін білесің бе? — деп сұрайды жарты адамнан.

— Ол сенің бес уақыт намазың, — дейді жыланның құтқарған көріп жан.

— Намаз болса, маған неге қайырылмады?

— Сен тіршілікте бес уақыт намаз дегенді білген емессің. Сондықтан олардың саған рақымы түспеді.

— Жаксы, намаз қайырылмасын. Онан соңғы топырлаған отыз адам кім?

— Ол — отыз күнгі ораза. Ораза ұстап, құдайға құлшылық етпегесін олар да қайырылмады.

— Сол отыздың ішінен біреу: «Қойыңды жыланға шалсаң, жаның қалар» деді ғой. Ол кім?

— Ол оразаның бір күнінде кездесетін қайырымды Қызыр таны.

— Ал, сенің өзің кімсің?

● ЖЕҢІС – 75

Соғыс деген сұмдық жайлы біз не білеміз...
Эр сәт сайын тірі адамның кеудесіне қорғасын сүңгі бойлатып, сақ-сақ күліп тұған бір аждаһаны елестетіп көріңіз, ол – оқ.
Оқ адам таңдамайды, мұны жары, оны анасы күтіп отыр екен демейді. Бетпе-бет келгенін өлімнің өзегіне лақтырып ұрады. Бірақ, жауынгер өлімнен қорықпайды, ол артындағы қалған адамның үмітін үзгісі келмейді.

Сb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Оқтан тайсалмаған, оттан жасқанбаған

Соғыс даласында қансырап жатқан жас қазақ жауынгері әл-дәрменін жиып, басын сүйеп отырған досына: «Менің өлгенімді апама айтпай-ақ қойшы» депті. Міне, білмейтініміз қайда жатыр, бұл – перзентінің анасын қалай сүйетінінің көрінісі, ажалдың алдында жан бағып, жасқанбаған түсіз батырлық!

Менің бүгінгі айтпақ болып отырған кейіпкерім де ажалға басын имеген жан – Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданманы Ұзақбай Иманәлиев. Ол 1921 жылы қазіргі Жалағаш ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген.

1932 жылғы ашаршылықта Иманәлі отбасының бес баласы да балалар үйіне тапсырылған. Бұл – барлық жұрттың басына түскен хал. Өйткені, оларды ата-аналары асырай алмайтын. Ал, балалар үйінің кептірілген наны, сүйек қайнатқан сорпасы бар. Ұзақбай өзіне тиесілі нанды бір тістеп, інісіне беретін. Бір күні інісін де, бауырларын да таппай қалды, балаларды жасына қарай бөліп-бөліп әр жаққа әкеткенді. Содан он жасар Ұзақбай балалар үйінен сытылып шығып, өткен-кеткенге ілесіп ауылына, өз үйіне жетті. Бұл үйдің азынаған даладан айырмашылығы үй деген аты ғана болатын. Алайда, әке-мейірі оттан ыстық. Келген күйі екі қолымен өзі үшін ең қымбат адамның мойнын қапсыра құшақтап, қойнына тығылды. Қарны аш, ішегі шұрылдап бара жатса да, ештеңе сұрамады. Сұрағанмен талғажау табылмайтынын сезеді. Бірақ, сол күні бала Ұзақбай өзін бақытты сезінді, енесінің бауырын паналаған құлбынды. Ал, таң ата тоңып оянды. Мұның бәрі түсім екен деп, орнынан шошына тұрды. Өңі болатын, турасы өң мен түстің арасы болатын. Сол күн өмір бойы есінде солай сақталып қалды, қайран әке баласын құшақтаған күйі таңға жете алмай үзіліп кеткен екен...

«Жетім қозы маңырап да отығар» демекші, бала Ұзақбай да жігіт болды. Бірақ, жиырма деген жекілдеген шағында соғыс деген суық тажалмен алысамын деп ойлап па еді...

Жастық шағын от жалын шарпыған жауынгер Ұ.Иманәлиев 1941 жылы соғысқа аттанып, 2-ші Балтық майданының 378-ші атқыштар полкі құрамында Псков, Воронеж, Гомель қалалары үшін жан алып, жан беріскен ұрыстарға қатысқан.

Сержант шешімен бөлімше командирі ретінде қан жорық кешкен жас қазақ жауға деген өшпенділігін көкірегіне қалқан қылып, талай тажалға тайсалмай қарсы келді. Өн бойын бабасы Сәрке батырдың рухы кернеп тұрғандай болатын. Оның оттан тайсалмауы, оттан жасқанбауы да осы бір өр рухтың қуаты еді.

1944 жылдың ауыр шайқасының бірінде жауынгер Ұзақбайдың бір аяғын тобық тұсынан снаряд жарқын-шағы жұлып кетіп, майдан даласында қансырап жатып қалды. Сол кезде аса қауіпті жерлерге үйретілген санитар иттер жіберілетін. Жаралы адам оларды көргенде шақырып, сүйретіп жүрген дөңгелекті астауына қол ілдіріп, үстіне өзін өзі көтеріп салса болғаны, санитар иттер дала госпиталіне қарай ала қашатын болған.

Қансырап жатқан Ұзақбайдың әл-дәрмені жоқ еді, иттерді көріп оларды шақырмақ болған, бірақ, үні шықпады. Ең соңғы үміті жұмылмай жатқан екі көзінің кірпігін қимылдата берді. Құлағы тіктейген иттер арбадан шашылып қалған



томардай болып жатқан адам өліктерін иіскелеп келеді. Бір кезде олар Ұзақбайдың қасына тоқтап, оның қозғалуға дәрмені жоқ екенін түйсінді де, киімінен тістелеп тартып, өздері сүйреткен астауға міндірді. Жаралы жауынгер соны ғана біледі, сосын есінен танды, көзін қайта ашқанда госпитальда жатыр екен. Жамылғышын сырып жібергенде бір аяғын кесіп тастағанын көрді...

Соғыс мүгедегі болып оралған Ұзақбай елге келген соң жарақатын елеген жоқ. Әуелі Ақсу совхозында есепші, онан кейін мал шаруашылығы комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарды. Бала-шағасын жалғыз аяғымен дарияға ау салып, балық ұстап, тоғайға тұзақ құрып, аң аулап асырады.

Бүгінде облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бөлім басшысы болып қызмет ететін Әлия Иманәлиева әкесі жайында былай дейді: «Әкем үлкен жайындарды бөліп-бөліп көршілерге тарататын. Жомарттығына сай бағбан адам, есіктің алдында – алма, жүзім, шие секілді жеміс ағаштары жайқалып тұратын. Күз түсе біздің қораның жемісін алдымен көршілердің балалары жейді.

1982 жылдары болу керек, шаруашылыққа әр қаладан көмекке келетін студенттер көп болды. Олар жұмыстан қайтқанда біздің үйдің үстінен өтетін жолмен жүретін. Әкем солардың жұмыстан қайтуын күтіп отырып, анамның піскен айранын, табаға піскен нанын беретін. Қапталарына қораның жеміс-жидегін толтырып жіберетін. Студенттерге соғыста түскен суреттерін көрсететін.

...Суреттерді көріп отырып бір студент әкемің қасындағы екі солдатты тани кетті. Сондағы әкемің қуанғанын көрсенің! Содан мекен-жайын алып, екі досымен хат алысып тұрды. Өлі есімде, бірі – алматылық Махан Құрманқұлов, екіншісі – талдықорғандық Әбдісәмет Аязбаев деген кісі.1985 жылы 9 мамырда үшеуі Алматыда кездесетін болып келіскен. Сол жылы әкем қатты ауырып, кеулеген соғыс жарақатынан жатып қалды. Оның үстіне бір майдандасының қайтыс болды деген хабары жанын жүдетіп кетті».

Әлияның әсерлі әңгімесі көңіліңді босатады. Оқ жауған аспан астында, от лаулаған жердің үстінде отан деген қасиетті мекенді жауға тапталмаған қандықойлек достарды жарты газсырған соң жүздесеміз деген арманына жазмышы жеткізбей алыпты.

Бейбіт өмірде қоғамға қадірлі, ағайынға ардақты болып, абыз ақсақалдардың біріне айналған Ұзақбай Иманәліұлы мен отанасы Жанымқұл Мырзабайқызы екеуі өмірге он екі перзент әкеліп, тәрбиеледі.

Бүгінде олардың ғұмыр бақшасында жиырма бес немере, қырық алты шөбере гүлдей жайқалып өсіп-өніп келе жатыр. Олар – жеңіс жауынгерінің ұрпағы.

● ІЗГІЛІК

Жақсылық жаршысы

«Арал мейірімі» – Арал ауданындағы жалынды жастардан құрылған қоғамдық қор. Теңіз төскейінде шағын құрамнан жасақталған жанашыр жандарды қолдаушылардың қатары қазір көбейген. Еңбегіне ақы сұрамайтын ерікті жастардың ізгі жұмыстары елдің алдында, көптің көңілінде жүр. Осыған дейін ауырғанға демеу, үйі жоққа қолдау көрсетіп келген қоғамдық бірлестік мүшелері карантин кезінде де қарап қалған жоқ, азаматтық міндетінен айнымады. Индетпен күресте бірлік қажет екені айтпаса да түсінікті. Сол ынтымақты ту етіп келе жатқан аралдық жастардың азаматтық істері баршаны қуантады.

Пандемия басталғалы «Арал мейірімі» жақсылықтың жаршысы болып келеді. Елімізде төтенше жағдай жарияланғанда біраз жұмыс орны уақытша жабылғаны белгілі. Көп адам кіріссіз қалды. Бұл табысынан айырылған азаматтарымызға оңай болған жоқ. Осындай сәтте қоғамдық қор жастары табысынан айырылған азаматтарды, тұрмысы төмен отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, көптің көңіліне демеу болды. Одан бөлек, ақпараттық қолдаулар көрсетіп, төтенше жағдай кезіндегі блок-посттағы ахуалды жариялап отырды. Бұның барлығы – туған жерге, елге, қоғамға деген жанашырлықтың көрінісі. Бұл ізгі істерін азаматтық парыз деп есептейді.

Жақында жастардан құрылған жанашыр құрам тегін дәрі-дәрмек таратып, көптің алғысын алды.

– Артық ауыз сөз айтудың да қажеті жоқ сияқты. Себебі, жағдай баршаға белгілі. Өткенде ауданда дәрі тапшылығы біршама сезілді.

Медициналық аппараттар жетіспегенін де жоққа шығара алмаймыз. Осындай қиын сәтте үнсіз қалғанымыз әсте жарамайды. Содан біздің ұжым тапшылық тудырып жатқан ацетилсалицил қышқылы, парацетамол, глюкоза, мукалтин, ампицилин, антигриппин, грипп сияқты дәрілерді шын мұқтаж, аса қажет деген 23 жанға таратты. Бұл – тек бастамасы. Ігі іс алда жалғасын табады, – дейді қор төрағасы Әбілқайыр Қаражанов.

Шындағында, бұл дәрі-дәрмектерді де табу оңай болмаған, өзге аймақтан алдырған. «Бірлігімізді танытатын уақыт. Артық дәрілер болса, тұрғындар бізге әкеліп тапсырса, біз келесі бір жанның қажеттілігін өтер едік» дейді Әбілқайыр. Осылай бір жанның болса да денсаулығын түзеуге мүмкіндік болатынын айтады.

Света УСЕНҚҰЛОВА,
облыстық
Рухани жаңғыру
орталығының маманы

Біржолғы төлем бұрынғыдан өзгерек

Елімізде карантиндік шектеу шараларының енгізілуіне байланысты біржолғы төлем төлеу ережесі әзірленді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев баяндады.

Біржолғы төлем табысынан толық айырылған азаматтарға төленеді.

– Сондай-ақ, мұндай көмекті жалдамалы жұмыскерлер де ала алады. Яғни, жұмыскер ақысыз демалысқа жіберілген жағдайда төленеді. Өтінішті жұмыс беруші береді. Егер де жұмыстан шығып кеткен болсаңыз, жұмыспен қамту орталығына хабарласқан абзал. Ал, жеке кәсіпкерлер (жеке практикамен айналысатын азаматтар) өтінімді өздері береді. Зейнетақы және әлеуметтік жарналар сұралмайды. Алайда, карантинге байланысты кәсібінің тоқтап қалуы туралы мәліметті аудандағы штаб немесе салық комитетінің өкілдері анықтайтын болады. Бұған қоса, фрилансерлер (өз қызметін қандай да бір міндеттемелерсіз, ақылы түрде ұсынатын адам) ала алады. Тиісінше, олар да өтінішті өздері жолдайды. Тек бір шарт – 2020 жылдың 6 айында бір рет

болса да зейнетақы жарнасын аудару керек. Өз бетінше жұмыс істеп жүрген азаматтың жұмысы тоқтап қалса да, төлем төленеді. ЕСП төлеудің қажеті жоқ, – деді басқарма басшысы.

Сала басшысы мемлекеттік бюджет есебінен зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік немесе сақтандыру қорынан тиісті көлемде көмек алып жүрген азаматтарға берілмейтіндігін айтты.

Сонымен қатар, өтініштер 42500.enbek.kz және «Электрондық үкімет» телеграм боты арқылы 1 қыркүйекке дейін қабылданады.

Құрметті облыс тұрғындары, әлеуметтік және біржолғы төлемге байланысты сұрақтарыңыз болса, мына телефондарға хабарласуға болады.

Әлеуметтік көмекке байланысты – 8 (7242) 27 01 11;

42500 тенгеге байланысты – 8 (7242) 26 38 20.

Құрметті газ тұтынушылары!!!

Смарт картамен төлемдерді жүзеге асыратын газ тұтынушыларының назарына!!! (алдың ала төленетін электрондық тұрмыстық газ есептегіштерге қатысты)

Коронавирусты инфекцияның таралуына және газ учаскелерінде тұтынылған газ үшін ақы төлеу кезінде кезектің пайда болуына жол берме шараларын қабылдау мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы жылыту маусымы басталғанға дейін алдын ала төленетін электрондық тұрмыстық газ есептегіштерін пайдаланатын (төлемдерді смарт картамен жүзеге асыратын) жеке сектор тұтынушыларына электрондық газ есептегіштерін механикалық нұсқасына ауыстыруды ұсынады.

Электрондық газ есептегіштерін механикалық газ есептегіштеріне ауыстыруды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ қызметкерлері жазбаша өтінімдер негізінде ақысыз (тегін) жүзеге асырады. Тұтынушылар электрондық газ есептегіштерді механикалыққа ауыстырғаннан кейін, газ учаскелеріне бармай-ақ, kaspі.kz, homebank.kz ұялы қосымшалар арқылы онлайн сервистерді пайдаланып, үйден шықпай, тұтынылған газ үшін қышқаттан төлем жүргізу мүмкіндігі пайда болады, сондай-ақ Qiwі, Kassa24 терминалдары арқылы төлей алады. Яғни, газ есептегіш смарт карталарына ақша салу үшін газ учаскелеріне барып, кезекте тұрудың қажеті жоқ.

Электрондық тұрмыстық газ есептегіштерін механикалық газ есептегіштеріне алмастыру үшін 104; 8 776 406 16 96; 8 777 286 05 50 телефондары арқылы хабарласу керек немесе филиалдың orda-ktga@mail.ru электрондық поштасына жазбаша өтінім жолдау қажет.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының әкімшілігі.

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Қоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-52-02) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі №15 ұңғымасын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

КӘДІРБЕРГЕН БЕДЕР



2020 жылдың 17 шілдесінде облыстық мәслихат депутаты, Арал ауданының Құрметті азаматы Бедер Кәдірберген Бедерұлы дүниеден озды.

Бедер Кәдірберген Бедерұлы 1959 жылы Арал ауданының Сексеуіл кентінде дүниеге келген. 1989 жылы Ақтөбе темір жол техникумын, 2003 жылы Алматы темір жол және коммуникация институтын бітірген.

Еңбек жолын 1976 жылы Сексеуіл Локомотив депосында жұмысшы болып бастаған. 1981-2005 жылдары осы мекемеде инженер, бригадир, цех басшысы қызметін атқарса, 2005 жылдан бастап «Қазақстан-отын-энергетикалық кешені» («ОЭК-Қазақстан») ЖШС-ның Сексеуіл филиалын басқарған.

Арал аудандық мәслихатының бесінші шақырылымының депутаты, 2016 жыл-

дан бері Қызылорда облыстық мәслихатының алтыншы шақырылым депутаты болған.

Қызылорда облыстық мәслихатында әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі ретінде облысымыздағы бірқатар әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне, сондай-ақ Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің ерекше үлесін қосты. Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына тұрақты түрде қайырымдылық көмек көрсетіп отырды.

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Арал ауданының Құрметті азаматы» атағымен, «Ерен еңбегі үшін» (2016 ж), «Мәслихатқа – 20, 25 жыл» медалдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Көлік және коммуникация министрлігі және «Қазақстан темір жолы» ҰҚА, «ОЭК-Қазақстан» ЖШС-ның Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бедер Кәдірберген Бедерұлының жасаған еңбегі мен жарқын бейнесі ел жадында ұзақ сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі.

Жаныңыз болсын жұмақта



Әулетіміздің абыз ақсақалы, балаларының қамқоры болған ардақты әкеміз Қырымов Досхана Қырымұлы осы жылдың 13 шілдесінде өмірден озды.

Әкеміз 1936 жылдың 2 қаңтарында Қазалы ауданының А.Түктібаев ауылында дүниеге келген. Қазақстан Мемлекеттік ауылшаруашылық институтын бітіріп, Арал ауданындағы ФЗО, ФЗУ, №68 проф-тех училищеді мұғалім, директордың оқу-өндірістік, тәжірибелік ісі жөніндегі орынбасары, Аралрыболовпотребсоюзда ұйымдастыру бөлімінің бастығы, партбюро хатшысы, Арал аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде бас инженер, «Байқоңыр» космодром бірлестігінің партком хатшысы, ТуркВО құрылыс материалдар зауытының директоры, «КСМ и К», «Облремстройдеталь», «Казтрактордеталь» бірлестіктерінде бас директордың орынбасары, қалалық табиғат қорғау басқармасының төрағасы, облыстық табиғат қорғау басқармасының бөлім басшысы қызметтерін абйройлы атқарып құрметті зейнет демалысына шықты. Зейнетке шықса да қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы ретінде мүгедектердің құқығын қорғау мақсатында дөңгелек үстелдер ұйымдастырды. Арбада отырған жандардың сұранысы бойынша облыс әкімдігі арқылы 2 инвалитасі алуға қол жеткізді. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына бөленді. Облысқа еңбегі сіңген дербес зейнеткер, еңбек және тыл ардагері ретінде бірнеше медаль, төсбелгі, құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ардақты әкеміз шаңырағымыздың берекесі, ағайынның қамқоршысы еді. Отбасында балаларына текті тәрбиесін беріп, ұлдарын уаға, қыздарын қияға қондырып, немере-шөбере сүйді. Артында қалған ұрпақтары әкеміздің рухына арнап құран бағыштап отырмыз. Оқылған құран аяттары қабырн нұрландырып, орны жаннаттың төрінен бұйырсын деп тілейміз. Сіз біздің жүрегімізде жасай бересіз, жан әке.

Балалары, бауырлары, немерелері.

Әлеуметтік бейімдеудің бағдары

Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы еліміздің түзеу мекемелерінен жазасын толық өтеп шыққан, пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметтерінің есебінде тұрған 208 адамды есепке алды. Оның 26-сы әйелдер.

Жергілікті полиция қызметінің полиция инспекторымен бірлесіп түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың мекен-жайларында болып, олардың туысқандарымен кездесулер өткізіп, 2 адамға зерттеу актісі жасалды. Түзеу мекемелерінен босап шығатын және босатылған 77 азаматқа хабарлама хат келіп түсті. Осы хаттар бойынша 59 азамат босап шықса, 18 азаматтың туған-туысқандарынан мекемелерден жазасын өтеп шыққаннан кейін отбасына қабылдайтындығы туралы түсініктемелер алынды. Босатылған 59 азаматтың ішінде 4-уі адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Орталық мамандары қалалық жұмыспен қамту орталығының бірыңғай ақпарат жүйесі арқылы тұрақты жұмысқа орналастыруға айрықша мән береді. Арасында

қайтарымсыз несие алып, өз кәсібін ашқандар, төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік көмек алғандар, оның ішінде азық-түлік, «Nur Otan» партиясының «Біз біргеміз!» акциясы аясында 50 000 тенге жәрдемақы алғандар, қызметінің шектелуіне байланысты әлеуметтік төлем алғандар бар.

Мекеме мамандары жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметінің есебінде тұратын 208 адамға құқықтық, психологиялық көмек көрсетті. Оның 197-сі пробация қызметінің есебінде тұрса, 11-і жазасын толық өтеп шыққан азаматтар.

Жыл басынан өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа орналас-тырылғандар саны – 13, оның 10-ы жазасын толық өтегендер.

Был «Қақпа алдында кездесу» 2 рет өткізілді.

Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Р.АРЫСТАНБАЙ

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы институттың кәсіподақ комитетінің төрағасы, аға оқытушы

Оразбек Мәдібекұлы Маханбетовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Арал ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңесі облыстық мәслихат депутаты, Арал ауданының құрметті азаматы, белгілі меценат

Кәдірберген Бедердің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



1150 жыл
Al-Farabidin meretoiy

«ДАНАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫ» ЭСТАФЕТАСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Әл Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұқара, Хорасан, Бағдат, Дамаск, Каир қалаларына барып білімін тереңдете түсті.

Осы орайда Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығына арналған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Осы ретте Қармақшы аудандық Көшеней Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінде» ақындық өнер үйірмесі ашылған болатын. Аудан әкімдігінің қолдауымен ашылған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы атындағы ақындық өнер үйірмесінің жетекшісі болып Сырым Әділбеков таңдалды. Жас ақын Қазақ ұлттық университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығын бітірген.

Сонымен қатар ғұламаның 1150 жылдығына орай «Жыраулар үйінің» ұйымдастыруымен «Даналық жырлар» атты онлайн эстафетасы бастау алды. Онда ғалымның насихат, даналық, ғибратты сөздерінен үзінділер оқылады. Шараға «Жыраулар үйінен» Сырым Әділбеков қатысты. Эстафета жыл соңына дейін жалғасын табады.

Әбу Насыр әл Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіру шараның басты мақсаты болды.

«СБ» ақпарат

● ТҮЛҒА

Трактор тізгіндеген жылдар

«Тұлға» айдарының кезекті кейіпкері – қармақшылық Мейрамкүл Нұржақыпова саналы ғұмырын ауыл шаруашылығына арнады. Оның ішінде трактор тізгіндеген жылдарын жылылықпен еске алады.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Ауданның бұрынғы Чапаев, қазіргі Ақтөбе елді мекенінде туып-өскен ол арман қуып, басқа қалаға кеткен жоқ. Қатарластарымен бірге ауылда қалып, тракторшы мамандығы бойынша алты айлық курс оқып бітірді. Қызыл дипломы бар қызды өз ауылы құшақ жая қабылдады. Бірден техника тізгінін ұстатып, егістік басына жіберді. Осылай басталған еңбек жолында кейіпкеріміз ауыртпалығы көп саланың қыр-сырын үйренді.

– Әуелі трактор, кейін комбайн жүргіздім. Күріш ектім. Тұрмысқа шыққан соң да осы жұмысты жалғастырдым. Өйткені балаларды маркұм енем бақты. Ол кісімен тұрған 37 жылда отбасылық қиындықтарды бірге еңсердік. Қазір, Аллаға шүкір, балалар өз алдарына бір-бір отау тікті, – дейді Мейрамкүл апа.

Жасы 60-тан асқан кейіпке-

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



ріміздің жолдасы да аграрлық салада көп жыл көлік тізгіндеген. Қармақшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Елеу Көшербаевтың «сендер ауылды көтеруге атсалысуларың керек» деген сөзі ерлі-зайыптыларды жігерлендірген еді. Екеуі Жосалыда тұрып, сонда өсіп-өнді.

Егістік басында ер азаматтармен иық тірестіре жұмыс істеген жылдар Мейрамкүл апайдың кешегідей есінде.

– Ол кезде заман тыныш, адамдардың пейілі кен еді ғой. Ер-әйел деп бөлінбей, қандай тапсырма болса да бірге атқардық. Бүгінде бейнетіміздің зейнетін көріп отырмыз, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің еңбегінің елеусіз қалған кезі жоқ. Ол – КССР-дің Құрмет грамотасының, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек данқы» медальдарының иегері.

ЖИРАФ ЖЕГЕН СЫР ТАЛЫ

Облыс төңірегінен шығып, өзге аймаққа бара қалсаң ел-жұрт «Қызылордада ағаш өседі ме?» деп жатады. Көздерімен көрмеген соң бұл жақты теп-тегіс тақыр деп ойлайтын стереотип қалыптасып қалған. Әйтпесе, Сыр өңірінде ағаштың тұр-түрі өсетіні баршаға аян. Оның ішінде, осы өңірге ғана тән Сыр талы – мықты ағаштардың бірі. Облыстың қолөнер шеберлері бұл ағаштан түрлі бұйымдар жасап, жұртшылықты тәнті етіп жүр. Осыған қатысты Сырдария ауданына белгілі азамат Марат Омаров қызықты оқиға айтқан болатын.

2006 жылдың жазы. Ол кезде Мәкең – Қалжан ахун ауылында әкім. Сол жаздың жаймашуақ бір күнінде үйіне екі дорба ұстаған бір жігіт келіпті.

– Ауыл әкімісіз бе? – дейді әлгі жігіт сұрақты төтесінен қойып. Сырт жақтан келгенін аңғарған Мәкең әкім екенін айтып, қонаққа құрметін жасайды. Үйіне кіргізіп, ас-суын беріп, мейманмен танысады. Сөйтсе, арнайы іздеп келген кісі Алматы қаласындағы хайуанаттар бағының зоотехнигі екен. Бұл жерге әдейілеп келген. Өңгіме үстінде зоотехник келген шаруасын, шарасыздықтан жолға шыққанын айтады.

Шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнаған уақыт. Өзге ел Президенттерінің Мемлекет басшысына деген құрметі бөлек. Міне, сол шақта Африкадан сыйлыққа үш жираф әкелінген. Бұталы, сирек орманды, жазық далалы жерді мекен ететін жануарлар хайуанаттар бағына жеткізіліп, арнайы бақылауға алынады. Басы өте үлкен емес болғанымен, мойны ұзын жирафты қызықтаушылар қатары көп. Алайда, оны қоректендіру хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қиындық келтірген көрінеді.

Әуелде кәдімгі шөп, ағаш жапырақтары беріледі. Оны жираф жемей қойыпты. Қорегі дұрыс болмағандықтан жануардың күйі де қаша бастайды. Ақырында біреуі өліп қалған. Содан хайуанаттар бағы қызметкерлері жирафтың азығын зерттейді. Африкамен



хабарласып анықтайды. Сөйтсе, жираф азық ететін ағаш жапырағы Сыр бойында өсетін Сыр талының жапырағымен сәйкес келеді екен. Содан зоотехник Қызылордаға арнайы келген. Бұл жакка жеткенде жолшыбай біреу Сырдария ауданындағы Қалжан ахун ауылында Сыр талының арнайы бағы барын айтып, жөн сілтеп

жіберіпті. Сол бұйымтаймен келгенін айтып, қос дорбасын көрсетеді. Біреуі қайшы мен жіпке толы. Қайшы мен жіпті әкелгені Сыр талы жапырағын жарты метрдей етіп жіңішке шыбығымен кесіп, кәдімгі сыпыртқы тәрізді байлау қажет. Оны бір ай кептіру де керек.

Шаруаны естіген соң Мәкең мейманды бакка ертіп

Халық мектепке баратын балалар киімін қамдау қажет. Осындай шақта ауыл халқы тапсырыс берушінің жұмысын тындырып беруге қам жасайды.

– Балалар қойсын ба? Бөрі Сыр талына өрмелеп шығып кетті. Таңнан кешке дейін ағаш жапырағын буып жинайды. Оны өткізіп, ақшасын алады. Сөйтіп, бақтағы жапырақ бір айдың ішінде сыптай болды. Тал ұзына бойы өсіп тұр. Бірақ жапырағы жоқ, – дейді Мәкен.

Бөрін жинастырып болған соң ауыл әкімі зоотехникке хабар береді. Ол екі қамазбен келіп, кептірілген Сыр талы жапырағын тией бастайды. Керек азығын қос көлікке нығыздап тұрып толтырып әкетеді. Осылайша, ауыл балалары бір ай еңбектеніп, мектепке киімдерін дайындап алған. Сыр талы жапырағын жирафқа қалай беретінін сұрағанда, байланған буманы хайуанаттар бағындағы ағаштарға іліп қояды екен.

Бақтағы ағаш жапырағы бір айдай кеш шыққан.

– Алла тағаланың құдіреті ғой. Одан бөлек, ағаштың да қасиеті бар ма деймін?! Байқап қарасақ, қарға қонған ағашта жапырақ болмайды екен. Сол ағашқа жапырағын төсеп, ұя салады, қоректенеді. Айналасы екі-үш жылдың ішінде ағаш қурай бастайды. Сол сияқты бір жыл жапырағын алып едік, ағаш ренішін білдірді, – дейді белгілі азамат.

Келер жылы әлгі алматылық зоотехник тағы келген. Қолында сол баяғы қос дорба. Алайда, Мәкен мән-жайды түсіндіріп, бақтың ағашына тиісуге болмайтынын айтқан. Қанша үгіттегенімен, киелі топтырақта өсетін Сыр талының тіршілік тіні екенін ескерткен. Кейіннен бақтың ағашы бұрынғыдай жайқалғанда Мәкең «Көңілім содан барып жайланды» дейді.

Ердос СӘРСЕНБЕКҰЛЫ.

Кәсіпкерлерге бастаған ісін ілгерілету үшін мемлекет тарапынан мүмкіндіктер қарастырылған. Қайтарымсыз қаржы, жеңілдетілген несие береді. Осы жобалар көпбалалы аналарға да кәсіп бастауға негіз болды. Әсіресе, ауылды жерде тұратын қыз-келіншектер мен әйелдер наубайхана, шаштараз, тәтті пісіретін цех, тігін шеберханасын ашып, әжептәуір табыс көзін айналдырып отыр. Солардың бірі – Жалағаш ауданы Аққұм ауылының тұрғыны Айнұр Дәуіржанова.

Сб Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

ТӘТТІ ДЕ СӘТТІ БИЗНЕС



Айнұр көпбалалы ана, бес ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Балаларын қатарынан қалдырмай, аяққа тұрғызу үшін қосымша кәсіп бастауға ниет етіпті.

– Қазір еңбек еткеннің бағы жанады. Екі қолға бір күрек таба алмай жүргендер көп. Бар ауыртыпашылық өзіме артылғаннан кейін қарап отыруды жөн санамадым. Жас кезімнен тәтті пісіруге құмар болдым. Әуестігім мені тағы бір қырымнан танылуға ықпал етті. Мемлекет те іс бастаймын дегеннің қолын қағып жатқан жоқ. Қайта мүмкіндік пен жеңілдік қарастырған. Берекелі ісім уақыт өткен сайын жанданды. Шаруаға балаларым да қолғабыс етеді,– дейді ол.

Кәсіпкер ауылдық ауруханада біраз жыл аспаз болып еңбек еткен. Тәттінің сан түрін пісіреді. Өткен жылы «Бастау» жобасына қатысып, кәсіпкерлік сертификатын иемденді. Кәсіп ашу үшін жоспар құрды. Табысты жобасы құпталып, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қайтарымсыз грант жеңіп алды.

– Тәтті пісіретінімді ауыл-аймақ түгел білетін. Мерекелік кештер мен туған күндерде арнайы тапсырыс беретіндер көбейді. Содан ой туындады. Осы ісімді кәсіпке айналдырсам қалай болар екен деп. Алдымен кәсіпкерлік бағытта білім алдым. Сертификат қолға тигеннен кейін жобамды қорғадым. Шүкір, қазір шаруам дөңгеленіп келеді. Цехты дайын тұрған нысанға орналастырдым. Жеңіп алған қаражатқа нан пісіретін пеш, тәтті дайындайтын құралдар

мен тоңазытқыш секілді қажетті құрал-жабдықтарды түгендедім, – дейді Айнұр.

«Меғдат» тәтті цехы екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Оқу кезінде мектеп балаларына арнап түрлі тоқаштар дайындайды. Ауыл, мектеп, балабақшасын, тұрғындарын нан өнімдерімен қамтиды. Ыстық жерде тұрып, ыстық пеште нан пісіру де оңай жұмыс емес. Бірақ Айнұр қиындыққа мойынсұнбайтын жан. Ісі алға жылжып, табысы еселенген сайын жігер, күш-қуат пайда болады. Тұтынушыларының алғысы оны шабыттандырып, алға жетелейді.

Ұнды жергілікті кәсіпкерлерден алады. Кондитерлік өнімдерге көп уақыт жұмсайды. Себебі, құрамы өзгеше, дәмі ерекше болуы керек. Аспаздың өзіндік құпиялары бар.

– Бір рет тапсырыс берген адам екінші қайта мұндетті түрде оралады. Бұрын той-томалақ, жиын-кештерде тапсырыс молынан түсетін. Дастарханды әрлеу жұмыстарын да қоса атқардым. Дегенмен, қазір әлем індетпен күресіп жатыр. Шаруамыз біраз тұралап тұр. Бірақ бұл – уақытша қиындық. Кеселді еңсергеннен кейін, жұмысымыз бұрынғыдай жүретін болады, – дейді аспаз.

Айнұрдың болашақта жоспары көп. Цех жұмысын дамытып, кондитер өнімдерінің түрлерін көбейтуді көздеп отыр. Сонымен қатар жас аспаздарға өзінің білген-түйгенін үйретпек. Жергілікті біршама қыз-келіншектерді тұрақты жұмыспен қамтып, мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, жеңілдетілген несие алуды да ойластыруда.

«Сыр бойы», «Қызылордаские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**